



МЕРЕЙ/2

Мемлекет мүддесінің асыл арқауы

КӘСП/3

Бағасы байыпты, сапасы лайықты

ТАРИХ/4-5

Қызылдың қойнауында...

ҚҰНДЫЛЫҚ/8

«Домбыра сәндік бұйым емес»

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті қызылордалықтар!

Сіздерді Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ғаламат жобасы – Нұр-Сұлтан қаласы қазақстандықтардың жасампаз еңбегінің арқасында ширек ғасырға жетпейтін уақытта әлемдік деңгейдегі гүлденген әрі әсем шаһарға айналды.

Біздің жаңа астанамыз Еуразия төрінде Шығыс пен Батыс арасын байланыстыра отырып, осы ғасырдағы әлемдік қауымдастықтың белгілі ұйытқысы ретінде танылды.

Алашқа ана, талайға пана қасиетті Сыр елі де астанаға қарап бой түзеп, қарыштап дамуда. Оның дәлелі – Сырдарияның сол жағалауындағы қарқынды жүріп жатқан жаңа қаланың құрылысы.

Елорданың, Қызылорданың болашағы бұдан да жарқын болсын! Аймағымыз одан әрі гүлдене берсін! Мереке құтты болсын!

Құрметпен, облыс әкімі Қуанышбек ЫСҚАҚОВ.

ЕЛОРДА МЕРЕКЕСІ – ЕЛДІКТИҢ БЕРЕКЕСІ

Біз көрген бас қала



– Аға, астаналық атанғаныңызға 20 жылға жуықтапты. Бұл қалада тұрудың оң, теріс тұсын жақсы білетін боларсыз...

– Елорданың ұнамайтын тұсы бара ма, осы?!
Бас қаладағы жүргізушімен әңгімеіздің әлкісесы осылай

басталған. Бейтаныс қалаға аяқ бассақ, таксисті сөзге тартатынымыз белгілі әдет. Шаһарды алғашқы болып таныстырып,

артық-кем тұсын «таразылап» беретін де – солар. Бірақ сұрағыма орай сұрақ қойылғасын, аздап тосылып қалғаным рас.

– Адамдары тым асығыс. Тұрғын үй бағасы қымбат. Шілде әне-міне кіргелі тұр, ал мұнда қарашалағдай қарасуық. Жаңбыр да жылдам жауа қояды екен.

– Асығыс жүретіміз рас. Бірақ он ойланп, сабырмен сараптап атқаратын жұмысымыз жетерлік. Саз балшығы иленіп жатқан Сарыарқаның бұл аумағынан үлкен қала тұрғызу оңай болмаған, астаналық атану үшін де сан сыннан өтуге тура келді. Нұр-Сұлтанға өмір сүрудің алабеттен ерекшелігі жоқ, керісінше суық сергітеді, қызметтегі бәсеке мүмкіндік емес пе? Ал өзін айтқан «стереотиптен» арылмасаң, алға адымдау мүмкін емес, – деді ол.

Рас, бас қаланың ажары да, аурасы да бөлек. Мұны Есіл бойындағы көпірден өткенде сезгенбіз. Бекіреге ұқсас, 313,5 метрлік оң және сол жағалауды байланыстырған бұл өткел – Атырау облысының сыйы. Формасы ерекше құрылысқа өрнек ретінде «Фибоначчи» заңдылығындағы «өмір гүлі» қолданылған. Ал көпірдің қаласында Каспийдің қола бекіресі тұр. Сый болса, осындай-ақ болсын. Қала тұрғындарының жанға сая іздейтін, көп келетін жері де осы маң.

2-бет.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІР КҮНІ

Тұрғындар тілегі тұрақты бақылауда

Бейсенбі күні облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Бақытжан Байлыбаевпен кездесті. Сондай-ақ аймақ басшысы облыс орталығында бірқатар нысандарды аралады.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевпен кездесуде кеңестің жартыжылдық жұмыс қорытындысы бойынша қысқаша есебі тыңдалды.

«Облыс әкімі Қуанышбек Досмайылының қабылдауында болып, Сыр өңірі ардагерлер кеңесінің жұмысы туралы қысқаша мәлімет бердім. Аймақ басшысы бірқатар тапсырма жүктеді. Сондай-ақ, қала, аудандарды аралау барысында жергілікті ардагерлермен кездесу туралы ұсыныс айттым. Өзі қарай да бірлесіп жұмыс істейтін боламыз», – деді Серік Дүйсенбаев.

Жалпы, ардагерлер өңірдің қоғамдық өміріне белсене араласып келеді. Мерекелік іс-шаралар мен күнделікті жұмыс барысында ақыл-кеңестерін айтып, жастарға патриоттық тәрбие беруден жалыққан емес.

«Осы жылдың 6 айында біраз жұмыс атқарылды. Мәселен, сауір айындағы ҚР Президентінің сайлауында науқанды Сыр ардагерлерінің қосқан үлесі ерекше. Халықпен кездесіп, ақпараттық және үгіт-насихат жұмыстарына белсене араласты. Ардагерлеріміздің аймақ дамуына қосқан үлестері үшін алғысымыздың белгісі ретінде «Қызылорда облысының Құрметті ардагері» медалін әзірледік. Сыр өңірінде үлкен абыройға ие, белсенді жұмыс істейтін аға буын өкілдерін осы медальмен марапаттайтын боламыз», – деді Серік Дүйсенбаев.

Облыстық қоғамдық кеңес төрағасымен кездесуде аймақ тұрғындарының өзекті мәселелері талқылап, кеңестің жартыжылдық жұмыс қорытындысы бойынша қысқаша есебі берілді.

«Аймақ басшысына облыстық қоғамдық кеңесінің жұмысы туралы қысқаша баяндап, облыс халқының өзекті мәселелері бойынша бірқатар ұсыныстар айттым. Қазір халықты алаңдататын мәселелер: аяқ сумен қамту, газдандыру және оның тарифтері, көпбалалы отбасыларды әлеуметтік қамту мәселелері бойынша сұрақтар бар. Облыс әкімі Қоғамдық кеңестің басты мақсат-міндеті – тұрғындарды алаңдататын өзекті проблемаларын билікке жедел түрде жеткізу, яғни, жергілікті билік органдарының



жауапкершілігін арттыруға ықпал етуі қажет екенін айтты», – деді Бақытжан Әбдіхалықұлы.

Жаңа басшы тұрғындар тарапынан әлеуметтік желіге келіп түскен мәселелерге ерекше басымдық берді. Осының негізінде жоспарланған нысандардан бөлек, алдын ала ескертусіз қаладағы қоғамдық көліктердің қызмет көрсету сапасымен танысуды жөн көрді. №11 бағыттағы автобуска қарапайым жолаушы ретінде мініп, Тасбөгет кентіне дейін барды. Автобуста жұртшылықпен тілдесіп, олардың ұсыныс-тілектерін құлақ асты. Жолаушылар тариф көтерілген уақытта атқарушы билік қызмет сапасының жақсаруын талап еткенін, алайда келісімшартта көрсетілген талаптардың орындалмай отырғанын алға тартты. Өйткені, кей автобустарда желдеткіш дұрыс жұмыс істемейді. Ал, бұл проблеманың өзектілігі аптап ыстық күндері қатты білінеді. Сонымен қатар билет мәселесіне қатысты пікір білдіргендер болды. Бұл ретте облыс басшысы олқылықтарды жоюға тапсырма берді. Сондай-ақ, тұрғындарды бірлесіп жұмыс істеуге, тікелей байланыс үшін өзінің Twitter аккаунтына өңірді дамытуға қатысты ой-пікірлерімен бөлісетін шақырды.

Мұнан кейін өңір басшысы «Сәулет»

шағын ауданында болды. Байқағанымыздай, мұндағы көлшікке зансыз қоқыс тастау пайда болған. Тұрғын Өмірзақ Асановтың айтуынша, бұл мәселе әлеуметтік желілерде қызу талқыға салынууда. «Сәулет» ауданының тұрғындары жағдайдың

рымен танысты. «Кайсар» футбол клубының ойыншыларымен де кездесті.

– Қырымбек Елеуұлының сіздерге ыстық сәлемін жеткізім келеді. Ертеңгі «Шахтермен» өтетін ойында сәттілік тілеймін. Біз өз тарапымыздан сіздерге тиісті қолдау көрсетеміз. Ал, сіздер, жанкүйерлеріңізді жеңістеріңізбен қуанта беріңіздер, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде қайсарлықтар да толық жанғыртудан өткен, замануи талапқа сай стадион үшін алғысын білдірді. Сенімге селкеу түсіреуге тырысатындықтарын жеткізді.

Айта кетерлік жайт, 2001 жылы стадионды қайта құру жұмыстары жүргізілген, содан соң да конструкциялар ішінара ауыстырылып, жөндеуден өткен болатын. Өткен жылы да қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Мердігер мекеме «Интегрострой» ЖШС футбол алаңында жасанды газонды және трибунадағы орындықтарды ауыстыруды орындайды, сайдингпен қапталған металл қалқа орнатады, сондай-ақ жылыту, дренаждық, көріздік және су құбыры жүйелерін ауыстыруды, бетон-темірбетон конструкцияларын орнатуға жүзеге асырады. Қазір стадионның сыйымдылығы – 7000 орын, нысанның жалпы ауданы – 16700 шаршы метр.

Одан бөлек, облыс әкімі «Қызылорда ЖЭО» кәсіпорнының жылыту маусымына дайындығын көзбен көрді. Мекеме директоры Руслан Нұрмағамбетов хабарлағандай, дайындық кестеге сәйкес жүргізілуде. Қондырғыларды ағымдағы жөндеуге арналған қаражаттың бір бөлігі, резервті мазут отынының қалдықтары кәсіпорын филиалдарының нормативтік-пайдалану қорында сақталуда. Тек қордаланған қарыздың көптігі қынжылтады.

– 1 шілде бойынша кәсіпорнын алдында 388,7 млн теңге дебиторлық қарыз бар. Оның ішінде көпқабатты үй тұрғындарының қарызы – 328,4 млн теңге. Жеке сектор тұрғындары 54,4 млн теңге, шағын және орта бизнес нысандары 54,4 млн теңге және бюджеттік мекемелер 1,96 млн теңге берешек. Электр қуатын пайдаланушылардың дебиторлық төлемі 132 млн теңгені құрайды, оның ішінде 70 млн теңге «Энергосервис» серіктестігіне, 62 млн теңге «Қызылорда Су Жүйесі» кәсіпорнына тиесілі, – деді Руслан Нұрмағамбетов.

Облыс басшысы нысандарды аралай келе, бір қайнауы кем мәселелерді бақылауда ұстауға тапсырма берді. Нақты міндеттерді жүйелеп, бірлескен жұмыстардың қолға алынатынына сенім білдірді.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы». Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

АРЫС, БІЗ БІРГЕМІЗ!

Арыста апаттан зардап шеккендерге еліміздің әр аймағы көмек көрсетіп жатыр. Біздің облысқа тиесілі 14 көше белгіленіп, ондағы 254 жеке үй, 5 әлеуметтік және 10 коммерциялық нысан есепке алынған елі. Өткен айдың 28-30 маусым аралығында құрамында мемлекеттік органдар, құрылыс, жөзуалау, техникалық қалағалаушы мамандары бар 66 адамнан тұратын арнайы топ белгіленген аумақтағы үйлер мен ғимараттардың жағдайына қатысты зардап шығындарын анықтаған. Осыған орай, кеше облыс басшысы Қуанышбек Ысқақов тұрғын үй нысандарын қалпына келтіру жұмыстарын бақылау мақсатында Арыс қаласында болды.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Аймақ басшысы Арыс қаласында болды



Ал осы ай басталғалы үйлердің есік-терезелерін және шатырларын ауыстыру басталып, құрылыс-монтаж жұмыстары белгіленген жоспарға сәйкес тиісті деңгейде атқарылууда. Бүгінгі күні 9 үй толық жөндеу, 74 үйде қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Арыс қаласында біздің аймаққа бөлінген нысандарды жөндеу жұмыстары туралы журналистерге сұхбат берді.

– Арыс қаласындағы төтенше және қайғылы жағдай ешкімді бейжай қалдырмады. «Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, қазақ халқы қиын сәтте ерқашан бір-біріне қолдау көрсеткен. Қайғылы хабарды естігенде Сыр өңірінің тұрғындары зардап шеккендерге көмек көрсету үшін қолдан келгенін аяған жоқ. Алғашқы күннен бастап қызылордалықтар арнайы қорға ақша аударып, гуманитарлық көмек жинауға кірісті. Сондай-ақ, үйлерді қалпына келтіруге облыстан еріктілерден құралған келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ал зақымданған үйлерді жөндеу үшін облыстың 20 құрылыс компаниясы төрт топқа бөлінді. Қазір 96 жұмысшы жөндеу жұмыстарымен айналысууда. Жоспарға сәйкес шілде айының соңына дейін жөндеу жұмыстары толығымен аяқталады. Жалпы оқиға болған сәттен бастап Арыс қаласының тұрғындарына облыстан 38 тоннадан астам гуманитарлық көмек, яғни киім-кешек, азық-түлік және т.б. тұрмыстық заттар жіберілді, – деді аймақ басшысы.

2-бет.

Біз көрген бас қала

Байқалды, Ерке Есілде кайықпен серуендеуге де, әдемі өткелден асып, орталық саябаққа беттеуге де болады. Парк маңайы ығы-жығы, ылғи аяқ киімсіз бала-шаға. Табан асты шылқынған су. Ел бір-біріне су шашып ойнайтын көңілді манайдан құрғақ өту мүмкін емес. Есесіне, тым тәтті шақтың, бейбіт күннің берекесін сезіп өтесін.

Елорданың жиырмажылдық тойына тартудан кай өңір де аянып қалмаған. Ақыры арнайылап келген соң, Сарыарқаға Сыр елінің сыйын көрмей кетуге болмайды. Бағытымыз – зымыран-ғарыш техникасы музейінің ашық экспозициясы. Өлгі жүргізуші аға бізді сол аумаққа, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық ғарыш орталығына алып келеді. Музейге бара қалсаң, Байқоңырдан көкке ұшқан әйгілі «Союз», «Протон», «Зениттің» макетін тым жақын көруге рұқсат. Иә, бұл – ғарышқа сапардың қазақ жерінен басталғанын білдіретін ерекше нысан. Бүгінде ашық аспан астындағы музей – астананың туристік кластерінің маңызды бөлшегі. Атап өткеніміздей, мұндағы «Союз» – «Королевтің жетілігі» аталып кеткен Р-7 жинақтамасының ең танымал зымыраны болса, «Протон» – автоматты ғарыш аппараттарын Жер шарының орбитасына, әрі қарай ғарыш кеңістігіне шығаруға арналған біржолғы зымыран-тасығыш. Ал, «Зенит» – ұшырылым құралында персоналдың болуын қажет етпейтін алғашқы әмбебап кешен, «Боран» – «Энергия-Боран» бағдарламасының асында жасап шығарылған орбиталды ғарыш кемесі. Міне, Тұран даңғылының бойындағы Назарбаев университеті, сол ұзай бере Ұлттық ғарыш орталығы көрінді. Бірақ, бұл жолы маңайы толған әскери адамдар екен. Оқу-жаттығу жиыны өтіп жатқанға ұқсайды. Осы жолы еңселі әрі ерекше мақеттерге мойын созып қанша карағанымызбен, аумаққа кіре алмайтынмызды ұқтық.

Қайтар жолдағы әңгімеге «Қазақ радиосы» берген «Елге сәлем» әні арқау бола кетті. Мейрамбек Беспаев «Алматыда бір ұлын сәлем қалай дейсің, Сәтін салса құдайым келмеді дегейсің, Көңіл-күйің байқатпай, кейде жүрек жол таппай, Сағыныштың сызығы тереңдеді дейсің» деп жүректен жүрекке жеткізе орындағанда-ақ жүргізуші аға шешіліп сала берді.

Бұл қалаға алғаш келген екі мыңшының жылдарды еске түсірсем, сол кезден қалай өткенмін деп әлі таңғаламын, – деді ол. – Шығыстағы ауылдан онға жуық жас жігіт Нұр-Сұлтанға ауқымды құрылысқа бірге келгенімізбен, екі-үш жылдан соң қалада қалғанымыз бір-саран. Шаңырақ көтерген соң, үлкен қаланың тұрғыны болсақ деп...



ген ниетпен жас келіншегіміз де осында ала келдім. Бірнеше жылдан соң, жақын ауылдан шағын баспана сатып алдық. Бірақ «аяққа тұрып кеткенше, қарайласайың» деген ата-ана тілегін тыңдап, балаларды елге жібердік. Арқаның қысы тым қатты, жеңгең онға таяу жұмысын аяқтаса, менің құрылыстағы қызметім түнгі бірге дейін созылатын. Астананың іргесіндегі ауылға түнде тартып кетуге мүмкіндік жоқ. Үйге қайту үшін келіншегіміз екі-үш сағат көлік ішінде тосына тура келді. Ал түн жарымда баспанамызға кірген бетте от жағып, тамақ істейтінбіз. Ең қызығы, таңертеңгі уақыт болатын. Қар қалың жауатыны сонша, ауылдан қалаға шығар жолды бір-ақ түнде басып қалатын. Сонда таңғы алтыда тұрған жеңгең екеуміз жолдың едәуір бөлігін күреп, қардан тазалайтынбыз. Кейін білдік, кішкене шыдасақ, таң ала үлкен көліктер жүріп, жол салып кетеді екен. Жол болмай, жұмысқа үлгермей қаламыз деп жанталасатын күндер-ай. Құрылыста шағын топтың бригадирі болдым. Ол кез – мердігер компаниялар қаржы таппай, жалақыны кешіктіріп

беретін уақыт. Мұндайда ама-ды таусылған құрылысшылар қолды бір сілтеп, басқа жұмыс іздеп кететін. Бірде белгілі компания жұмысшылардың айлығын төрт ай өткен соң бір-ақ берді. Сонда бірге жұмыс істеген құрылысшыларды қаланың әр тұсынан іздеп табанымнан тозғанымыз-ай. Аманат әрі адал ақы, маңдай тері деп әрқайсысын жеке сұрастырып жүріп, еңбекқандық қолдарына тапсырғанмын, – деп сөзін аяқтады.

Сондайда елге тартып кетуге намыстанған баламыз... Үйдің үлкені болған соң, қалайда берілмеуге бекіндім. «Арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар?» Қиындыққа төзбеген құрдастарым әлдеқашан ауылға аттанған. Кейін мен де, жеңгең де тұрақты жұмысқа орналастық. Ал жылдар өте келе, іргелес ауылдан үлкен үй салып, жұрда ғана қала орталығынан жана пәтер сатып алдық. Балалардың алды өсіп қалды, кейін жоғары оқу оқыманда қаладағы үй қажет болады, – деді аға.

Енді түсіне бастаған секілдім, жүргізуші аға әр сөзіне қарауыл қойып сөйлейтін, сабырлы, істің адамы сыйайлы. Жастығы астанамен байланыс-

ты жігіт ағасы жол бойы қайта бастауға қаймығатын, тәуекелге толы өткен шағын айтып берді.

Байқағаным, бұл – астаналық бір адамның жігері мен еңбегін байқатқан үзік сыр. Ал тұтас елдің айбары, сәні мен салтанаты болған Елорданы тұрғызу қаншалықты тәуекелді ісі десеңізші. Осыдан 26 жыл бұрын, 1994 жылы сол кездегі Жоғары Кеңестің сессиясында Елбасы Н.Назарбаев Қазақстанның астанасын Алматыдан Ақмолаға ауыстыру жөніндегі идеясын жария еткенде ел арасында үміттен күдік басым түсті. Бірақ жылдар өте білікті стратег – Тұңғыш Президенттің бұл идеясы «жана астана қарапайым әкімшілік орталықтан аса алмайды» деген сенімсіздіктің сенін бұзды. Елорда – ел экономикасын алға сүйреген, тұрғындары мен аумағы жыл сайын еселенген алып мегаполиске айналды. Нұр-Сұлтанға салынуы елдің сенімін нығайтып, бірлігін бекемдей түсті, ауқымды жоспарларға жол ашты. Саулеті мен дәулеті артты. Бүгінде бас қалаға сапарлаған кез келген ел тұрғыны міндетті түрде аты әйгілі «Байтеректе» фотоға түсуге тырысады. Қаладағы әлем бойынша шатыр формасындағы ең үлкен ғимарат «Ханшатыр» ойын-сауық орталығы Гиннестің рекордтар кітабына енгізілсе, «Думан» ойын-сауық орталығының мұхит аралы – әлемдегі көк мұхиттан 3000 шақырым қашықтықта орналасқан жалғыз мұхит арал.

Заманауи ғимараттары бір бөлек, қалада өткенмен әдемі байланыстың барын Ұлттық музейге барғанда байқағанбыз. Бірнеше қабаттан тұратын ғимаратта ел тарихының баға жетпес мыңдаған жәдігері жарқырап тұр. Сонау тас ғасырындағы бедерлі құралдар, Монғолиядан келінген Тонькок ескерткіші көшірмесінен бастап беріндегі жазушы, ғарышкерлердің тұтыңған заттарына дейін жақыннан, керек десен қолға ұстап көруге болады. Тіпті жаз маусымында кез келген оқушының ақысыз кіру мүмкіндігі қарастырылған.

Осылайша ойлы ой қозғап, жүргізуші ағамен жылы қоштастық. Оңтүстікке қайтар мезет те таяды, қаладан шығар бетте қарақаты мен бүлдіргені мол, ара-тұра елік пен қоян кездесетін тоғай манынан өттік. Бұл да Елбасының «Нұр-Сұлтан маңайы көгалданып, орманға айналса екен» деген ниетінің жемісі. Әйтпесем, он жыл бұрын бұл маңай тақыр жер, иен дала еді ғой. Иә, Елорда – ердің жігерін жаныған, елдің енесін биіктеткен, сенім мен тәуекелдің қаласы. Бұған сені мен сәулеті келіскен Нұр-Сұлтан, еселі еңбектен береке тапқан астаналықтар дәлел.

Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы», Қызылорда-Нұр-Сұлтан, Қызылорда.

Мемлекет мүддесінің асыл арқауы

Нұр-Сұлтан қаласының мерекесі қарсаңында ұзақ жыл елорда тарихына қатысты зерттеулер жүргізіп, материалдар жинаған өлкетанушы-зерттеуші, шаһардың байырғы тұрғыны, статистика саласының ардагері Жәніс КӨРІБАЕВ мырзаны әңгімеге тарттық.

– Зерттеушілер бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласының алғаш рет іргесі қаланған кезінен Ақмола бекінісінің салынуымен байланыстырып келді. Ал сіз тіпті ерте дәуірде Есілдің елорда орналасқан бойлығында қала типті қоныстар болғаны жайында айтып жүрсіз. Осыған нақты қандай дәлеліңіз бар?

– Бүгінгі елорданың тарихы тым тереңнен басталады. 1832 жылы Ресейлік патша үкіметі Есілдің жағасы, Қараөткелге әскери бекініс салды. Оған жергілікті топонимикалық атау Ақмола аты берілді. Дәл осы кезеңнен қаланың пайда болу тарихы басталады деп келдік. Бұл дерек елорданың нақты тарихи кезеңдерін толық қамти алмайды. Мысалы, өткен ғасырда орас археологы Василий Демьянович Солочинский Қараөткел маңынан Андронов мәдениетіне тән жиырмаға таяу адамзат тұрағын тапса, өлкетанушы Валерий Степанович Волошин палеолит, мұс дәуірінде өмір сүрген адамдардың жетіске таяу қабірі мен қонысын тапты. Осы деректердің өзі-ақ елорда маңы ежелгі адамдар мекені екенін, оның сан ғасырлық тарихы болғанын айтып тұрған жоқ па? Сондай-ақ, тау-кен инженері А.Козыревтің 1891 жылы Петербург қаласында жарық көрген «Гидрологическое описание Акимольской области» кітабында Есіл өзенінің оңтүстік жағалауында таспен тұрғызылған көне қорғандар көп екені жазылған.

Жалпы елорда тарихынан тереңнен толғап айтсақ, Есіл өңірі Алтын Орда құлағаннан кейін Сібір немесе Төмен (Тюмень) хандығының құрамына енген. Сібір хандығының астанасы Шыңғыс Тұра (қазіргі Тюмень) қаласы болған. Бұл хандықтың билеуші бектері Тайбуқа, Қожа Мұхамед, Жәдігер, Бекболат, Сейдахмет, т.б. Тіпті біраз уақыт Ақсақ Темірден қашып жүрген Тоқтамыс та билеген көрінеді.

1429-1445 жылдары Шыңғыс Тұра қаласын атақты Әбілхайыр хан астана етіп, сонынан орталықты Сығанаққа көшірген. 1563 жылдары Сібір хандығының билігі Жәдігердің қолына өтті. 1569 жылы хан тағына Көшім отырды. Көшім хан көрші орыс воеводаларымен болған көп жылғы қақтығыстардан кейін, нақтырақ айтсақ, 1598 жылдың 20 тамызында Қорғалжын-Нұра бойында өлтіріліп, елордадан оңтүстікке қарай 110 шақырым жердегі Бытығай қорымына жерленген.

– Жалпы, өлке тарихына қатысты көптеген жәдігерлер Ресей мұрағаттарында сақтаулы деген пікірді ерте-ерте марқұм өлкетанушы Клара Әмірқызы айтқан еді. Сіз ол туралы не білесіз?

– Қазіргі Ресейдің тарихи-мәдени құндылығына айналған, сонау ақ патша заманынан бері келе жатқан Эрмитажда өлке тарихына қатысты жәдігерлердің бары рас. Оны этнография, этнография, тарих саласының мамандары жақсы білуі тиіс. Мысалы, 1865 жылы Мәскеуде «Ресей халықтарының жетістіктері мен өнімдерін таныстыру» атты үлкен көрме ұйымдастырылды. Осы көрмеге Ақмола өңірінен 400-ге тарта жәдігер жіберілгені жайлы нақты дерек бар. Солардың ішінде асыл таспен өрнектелген Абылай ханның бөркі болған. Ол сонда қалып қойған.

Одан кейін 1876 жылы Петербург қаласында ұйымдастырылған ориенталистар конгресіне жергілікті ақсүйектер: Ақмола округінің сұлтаны Ыбырай Жайықбаевтың баласы Мұхамедияр Жайықбаев, Мұхамед Қошенов және атақты паң Нұрмағамбеттің әжесі Сағынай Есов, Сәмеке ханның ұрпағы Қоңырқұлжаның баласы Ыбырай Қоңырқұлжаев барып қатысқан. Олардың алып барып, тіккен киіз үйі талдайың таңдайың қастырған. Бұл туралы Омбы қалалық мұрағаттарында дерек көп.

Одан кейін ресейлік отарлау саясаты қазақтарды басқаруды оңтайландыру үшін «Устав о сибирских киргизах» деген құжатты ойлап тапты. Бұл құжат патшаның жарлығымен 1822 жылы 22 шілдеде күшіне енеді. Осы құжат негізінде Арқа казактары Батыс Сібір құрамына енгеннен кейін 7 округке бөлінді. Соның ішінде Ақмола округі 1832 жылы құрылып, орталығы Ақмола болды. Осы жылы генерал-губернатор Вельяминовтың жарлығымен Ақмола округінің сұлтаны болып Қоңырқұлжа Құдаймендиев тағайындалды. Архив құжаттары бойынша осы кезде Ақмола округінде 1825 қожалық, 3576 ауыл болған. Оларда 70961 еркек, 60301 әйел өмір сүрген. Арада 65 жылдан кейінгі 1897 жылғы санақ бойынша қалада 9597 адам тұрыпты. 1915 жылы адам саны 18740-қа жеткен. 1939 жылғы жүргізілген санақта 32016 адам, 1959 жылы 102276 адам, 1999 жылы 326921 адам осы қаланың тұрғыны болған.

– Сөзімізді түйіндеңіз, айтқанда, ежелгі Ақмола өңірі қай жағынан алсақ та, гео-

саяси тұрғыдан аса маңызды аймақ екені анық. Мысалы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылы 6 шілде күні Парламент сессиясының жалпы отырысында, астананы Алматыдан республиканың орталық өңірі Ақмолаға көшірудің қажеттілігі жайлы сөз сөйлеп, осы мақсатта тыңғылықты зерттеу жүргізілгені, Ақмола қаласы 32 өлшем бойынша артықшылыққа ие екендігін атап өткенін білесіз. Демек, бұл таңдаудың арғы жағында, жоғарыда өзіңіз айтқандай, ежелден бергі тарихи сабақтастық болды десек, қателеспейтін шығармыз?

– Әрине басқасын айтпағанда, Кеңес Одағы тұсында құрылған тың өлкесінің орталығы ретінде де осы қала таңдалған жоқ па? Сол сияқты Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің 2005 жылы жарық көрген «Еуразия жүрегінде» атты естелік кітабында: «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы кезінде қолыма академик Қаныш Сәтбаевтың банхаты түсті. Ол анау-мынау мәселені емес, Қазақ КСР-нің астанасын Қазақстанның географиялық орталығы Целиноградқа көшіруді ұсыныпты. Есімде қалғаны: осы хат Мәскеуге жіберілген екен. Мәскеу: «Басқа істейтін істерің жоқ па?» деп келте кесіпті» деп жазғаны бар.

Оның сыртында өткен ғасыр басында мемлекетшілдіктің туын ұстанған Алаш қайраткерлерінің, соның ішінде ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың жеке ой-пайымы да болғанын аңғарамыз. Ол өзінің «Григорий Николаевич Потанин» атты мақаласында: «Қазақты автономия қылас, Қараөткел – Алаштың ортасы болса, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» деген өзекжарды сөз берді.

Енді мына бір үндестікке назар аударыңыз: Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Жылдар мен ойлар» атты кітабында, өткен ғасыр басында алғашқы қазақ либералдары – «Алаш» партиясы көсемдері де саяси орталықты әуелден зор стратегиялық маңызға ие осы аймаққа (Сарыарқаға) көшіріп әкелуге күш салды, дейді. Елбасы айтқандай, XX ғасыр басында тәуелсіздікті мақсат тұтқан Алаштың ел астанасын таңдаудағы мұраты – қазіргі тәуелсіз қазақ елінің ғасыр аяғындағы астана таңдауымен үндесіп жатқаны, мемлекет мүддесінің үзілмей жалғасқан асыл арқауы екені шындық.

Әңгімелескен Бекен ҚАЙРАТУЛЫ, «Egemen Qazaqstan».

Елордаға арнау

Жинаған жақсы мен бар асылын – Астанаға көзің қарашың. Уа, халқым, бәріңе құтты болсын, Туған күні Нұр-Сұлтан қаласының.

Қашаннан ақсақалдар бата беріп, Ігілікті, ізгі істер жатады өріп. Қуанышты көңілден күй шалқыды, Қос тойы қазағымның қатар келіп.

Өз дегенін істейді уақыт анық, Келеміз Ақордадан бағыт алып. Қара орман – Қазақстанға қарайды әлем, Өркендеген еліміз тағы танып.

Артамын кей кездері мен де міндет, Еуразияны жалғаған елдеміз деп. Қос ғасыр, қос қоғамда өмір сүріп, Дәл осындай өрлеуді көргенім жоқ.

Көңілдегі көп істі жайғастырып, Үлкенді аға, қатарды жолдас қылып. Қарлығаштай қалықтап ұшады ақын, Сыр елі мен Арқаны жалғастырып.

Қалықтап көкжиекте жастар әні, Береке мерекеден басталады. Аспан түсетес көкпенбек жалауымдай, Жақсы көрем бас қала, астананы.

Құс әнін – тарқамаған базарымның, Естимін де қуанам ғажап үнін. Туған елім өркендеп өсе берсін, Бініктеп мәртебесі қазағымның.

Ізгілігі НӨРЗІЛДАЕВ. Жаңақорған ауданы.

Аймақ басшысы Арыс қаласында болды



Айта кетейік, жоғарыда айтылған 5 әлеуметтік бағыттағы және 10 коммерциялық нысанның жөндеу жұмыстары ірі құрылыс компанияларына бекітілген. Сонымен қатар, бір тұрғын үйді бұзу, тегістеу жұмыстары атқарылды. Жұмабек Бердімұратов – Арыс қаласының байырғы тұрғыны. Кешегі апат салдарынан үйі жарамсыз болып қалған.

– Танертең болған жағдай ғой бұл. Өзім жұмыста едім. Оқиганы естіген соң бірден үйдегілерге қонырау шалып, құжаттарымызды жинап, елмен бірге қала сыртына аттандық. Сағат оннан өте үйге снаряд түсіп, өртеніп жатқанын көрішім хабарлады. Болған іс болды. Бастысы, бәріміз аман қалдық. Құдайға шүкір, мұндайда көмек қолын созған халыққа риза боласым. Барлығы бірліктің арқасы. Құлаған үй мен сынған дүниені қалпына келтіруге атсалы-

сып жатқан ел азаматтарына алғысым шексіз. Әсіресе, Сыр өкінін келген құрылысшы жігіттерге ағалық рахметімді айтық келеді. Бұйырса, он күн шамасында өз үйімізге кіреміз деген қуаныш бар, – дейді арыстық Жұмабек аға. Айта кету керек, бұған дейін аймақтағы мемлекеттік қызметшілер, бюджеттен қаржыландырылатын мекемелер, қоғамдық және үкіеттік емес ұйымдар, қоспорындар, акционерлік қоғамдар мен серіктестіктер, шаруа жожа-

лықтары, жеке кәсіпкерлер мен меценаттар қаржылай көмегін көрсетті. Ал Сыр жастары атынан 50 жас ерікті көмек көрсетуге келіп, олар екі күн бойы үйлерді қалпына келтіруге жәрдемдескен. Өткен 3-ші шілде күні олардың қатарына тағы 50 ерікті келіп қосылды. Тағы бір қуанышты жаңалық, үстіміздегі жылдың 9-18 тамыз аралығында Арыс қаласының 150 бала облыстық білім басқармасының «Облыстық олимпиадалар мен қосымша

білім беру орталығында» тегін демалды деп жоспарлануда. Балалар үшін психологиялық тренингтер, тауға экскурсиялар, түрлі үйірмелер ұйымдастырылмақ. Облыста қабылдау пункттері де жұмысын жалғастыруда. Сонымен қатар, шілде айында барлық бюджеттік мекеме қызметкерлері арыстықтарға тағы да бір күндік жалғаларын аудармақ ниетте. Сондай-ақ, жұмыс сапары барысында облыс әкімі Түркістандағы Шығыс

моншасының құрылысымен танысты. Естеріңізге сала кетейік, аталған нысан құрылысы Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы аясында жүргізілуде. Елбасы жергілікті атқарушы органдар мен ұлттық компаниялардың басшыларына жана аймаққа әлеуметтік-мәдени нысандарды салып беру туралы тапсырма берген еді. Суреттерді түсіргендер Б.ЕСЖАНОВ, Н.НҰРЖАУБАЙ.

Biz және Biznes

«Syr boiy» gazetiniń arнайы beti

Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылғы Қазақстан халқына Жолдауында агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру керектігін атап көрсеткен болатын.

Өнімдері экспортқа шығарылуда

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенің дамытуын 2017-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, облыстың агрокартасы бойынша биыл агроөнеркәсіп кешенің дамытудың нысаналы индикаторлары белгіленді. Агрокарта аясында облыстың ауыл шаруашылығы саласында бірқатар ірі жобалар іске асырылды.

— Бүгінгі күні облыста егін егу жұмыстары толығымен аяқталды. Биыл барлығы 183,8 мың гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақыл орналасып, межеден 5,2 мың гектарға артық орындалды. Агрокарта бойынша, биыл облыста егілген майлы дақыл көлемі 7 мың гектарды, малазықтық дақыл көлемі 62,7 мың гектарды құрады, — деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Маржан Өмірбаева.

бастап экспортталатын өнім түрлері ұлғайтылып, Қытай, Түркия, Араб Әмірлігі мемле-



көтерінің нарығында игерілуде. Биыл экспортқа бағытталған жобалық қуны 5,4 млрд теңгені құрайтын 9 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

«СБ» ақпарат.

Жаңажолдың жылыжайы

Сыр өңірінде жылыжай кәсібі жандана бастады. Алыс аудандармен қосқанда облыс орталығында да бұл іске қызу кіріскендер көп. Оның үстіне, аталған сала ҚР агроөнеркәсіптік кешенің дамытуын 2017-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында баса маңызға ие. Қармақшы ауданы Жаңажол ауылында Дулат Жаппаров осы кәсіпті алғаш қолға алғандардың бірі.

Дәулет ҚЫРДАН.

— Бірде өсіп тұрған қызанақ біртіндеп сола бастады. Суы бар, тынайтықш та бар, неден екенін білмей басым қатты. Облыста үлкен семинар өткелі жатқан, соған бардым. Жында мықты агрономдармен, ғалымдармен танысып, мәселенің шешуін де таптым. Қазір байланысып, ақыл-кеңес сұрау ортама да қалыптасып келеді, — деді жас кәсіпкер.

Жаңажолда жастардың кәсіпке бет бұруы үрдіске айналған. Ауыл әкімі Әбімүсілім Қоқановтың айтуынша, мемлекеттік бағдарламалардың ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге септігі зор.

— Мемлекеттік бағдарламалармен бұлттыр 22 азамат несие алған. Биыл 2 азамат жұмысын бастап кетсе, 3 адам қаржысын алуға қарап тұр. Тағы 3 тұрғын РИТС арқылы кәсіпін бастамақ. Сонымен қатар, 5 ауылда-сымыз қайтарымсыз қаражатқа құжат тапсырған. Көпшілігі жастар екені куәнталады, — деді ауыл әкімі.

Айта кетейік, өңірде 164 жылыжай болса, оның 90-ы тұрақты жұмыс істеп тұр. Жалпы көлем 10,5 гектарды құрайды. Десе де 74 жылыжайда қозғалыс байқалмайды. Мәселені шешу жолында аймақта Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда жылыжай шаруашылығын дамыту жөнінде арнайы іс-шаралар қабыл-

тұрғындары үшін, — деді Дулат Жаппаров.

Дулат Спандиярұлы облыста өтетін түрлі семинарлардан сәтте келсе қалауға тырысады. Өйткені, ғалымдар мен сала мамандарының басқосуында түрлі



тақырыптар талқыланады. Енді ғана айналысып келе жатқан жас маман үшін мұның пайдасы зор.

данды. Нәтижесінде жаңадан қолға алынған және жұмысы тоқтап тұрған 43 жылыжай іске қосылады деп күтілуде.

Бағасы байыпты, сапасы лайықты

Жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында ата-аналар мектепте оқитын балалары үшін бағасы аса қымбат емес, бірақ сапасы жақсы киім іздеп сабылатыны рас. Бұған дейін Қырғызстан, Өзбекстан сияқты көршілес елдердің өнімдерін пайдаланып жүрміз. Өйткені Түркия, Ресей елдерінің тауарларына қарағанда бағасы біршама төмен. Ал, биылғы оқу жылында өзіміздің отандық өнімді тұтынуға мүмкіндік туып отыр. Нақтырақ айтсек, "Dalatex" тігін фабрикасы "Qobyz" деген атпен бірыңғай мектеп формасының үлгісін ұсынды.



дау танытқан болатын. Қазіргі таңда жаңа киім үлгісі қала мектептеріне таныстырылып, 2019-2020 оқу жылында 1 кластарға енгізуге келісті.

"Қызылорда облысының жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының халықтық қауымдастығының" төрағасы Ділдүхамед Абиловтың айтуынша, "Қызылорда облысы бойынша бастауыш сыныптарға арналған бірыңғай мектеп формасы үлгісін құру" пилоттық жобасының мақсаты оқушыларға бағасы байыпты, сапасы лайықты бірыңғай киім ұсыну, сол сияқты, іске икемі бар, тұрақты жұмысы жоқ бірқатар тұрғындарды жұмыспен қамту.

Бұл жобаның басты ерекшелігі, жоғарыда аталған қауымдастық тарапынан енгізілетін бірыңғай киім үлгісінің бағасы 10 мың теңге шамасында, яғни, нарық бағасынан төмен.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Рас, бүгінде бір баланың мектеп формасының бағасы 15-20 мың теңге шамасында. Ал, бір отбасында 2-3, тіпті одан да көп оқушы болса, бұл қаражатты қарапайым отбасының жағдайы көтере бермейтіні түсінікті. Осы орайда өңір кәсіпкерлері толғақты мәселенің түйінін шешуге тырысқан еді.

"Dalatex" тігін фабрикасының бастамасымен "Қызылорда облысының жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының халықтық қауымдастығы" құрылып, оған 19 тігін цехы бар кәсіпкер мүше болды. Айта кетейік, бұған дейін кәсіпкерлердің бастауыш сыныпқа арналған мектеп формасын тігу жобасы облыс әкімдігіне ұсынылып, жобаға білім басқармасы қол-

Жалған ақпарат бизнеске бөгет

Әлеуметтік желі өмірімізге енгелі кез келген әлемде орын алып жатқан жаңалықтарды осы ғаламтор арқылы біліп отырамыз. Кейде қай дүниенің рас не жалған екенін ажырата алмайтын болдық. Жұырда әлеуметтік желілерде қызылордалық «Байдала» серіктестігінің күршісі сапасыз деген бейнеролик салдарынан кәсіпкерлер мақсатында Кәсіпкерлер палатасында қызметкерлер мен сала мамандарының қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Онда Кәсіпкерлер палатасы директорының агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша орынбасары Пирмұхаммед Сыдықов осы жалған бейнеролик салдарынан кәсіпкердің шығынға ұшырап отырғандығын, қазір кәсіпкерге заңгерлер тарапынан құқықтық қолдау көрсетіліп жатқандығын жеткізді.

«Байдала» ЖШС директорының орынбасары Азамат Байдалиев компанияның бүгінде Шиели, Сырдария, Жалағаш ау-

дандарында күрші егін, оны өз зауыттарында ақтайтындықтарын айтты.

— Әлеуметтік желіде таралған жалған ақпарат біздің компания беделіне нұқсан келтіріп тұр. Мұндай бейнема-териалды тарату кімге тиімді екендігін білмеймін. Қазір тара-тушыны анықтау жөнінде ішкі істер органдарына шағыммызды қалдырдық. Анықталған жағдайда әрі қарай сотқа береміз, — деді ол.

Ал, аймақта өндірілетін



күршінің сапасына қатысты «Қазақстан аграрлық сарапта-масы» АҚ Қызылорда филиалының басшысы Мейрамбек Серікбай да ойын білдірді.

— Біздің облыста зауыт-өндірілетін және экспортқа шығарылатын күршітер үш тексеруден өтеді. Олар сәйкестік сертификаты, карантиндік сертификаты және сапа сертификаты. Сапа сертификатынан өту үшін зауыттан шыққан күрші

өнімдерінің сынамасы алынып, тексеруден өткізіледі. Қаптың мойнындағы түпнұсқасында шыққан ауысымы, мерзімі жа-зылып тұрады. Бейнероликті түсірген азаматтар күршінің сапасыз екендігін шын мәнінде дәлелдегісі келсе, күрші қабын көрсетуі қажет еді. Халыққа ай-тарым: қалтадан келген, қайдан шыққаны белгісіз күршітерге сенбеңіздер! Өңір дикандары республикадағы күршінің 80

процентін өндіреді. Біздің аймақта өндірілетін күршілердің бұрын 20-30 проценті ғана экспор-тқа шығатын болса, қазір бұл көрсеткіш 70 процентке жетті. Сондықтан да біздің өңірдің күрші туралы жалған ақпарат тарату қисыныз. «Байдаланып» күрші сапалы, халық тұтынып жоғары бағасын алып жүрген, экспортқа сұранысқа ие өнім, — деді.

Бүгінде «Байдаланып» зауытында тұрақты 80 адам жұмыс жасаса, егін маусымында жұмысқа 2000-ға жуық адам тартылады. Өнімдерін Тәжікстан, Украина, Россия, Өзбекстан, Қырғызстан және өзге де елдерге экспортқа шығарула.

Жылы соңында Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пирмұхаммед Сыдықов кәсіпкерге әлі де жан-жақты қолдау көрсетілетіндігін, құқығының қорғалуына атсалы-сатындығын жеткізді.

Кестелі орамал келіншектің сәні

Келіншектің сәні – орамал екені рас. Оның бүгінде түр-түрі көп. Алайда өзіндік ерекшелігімен тігілген орамал жоқтың қасы. Сүйікті ісін кәсіпке айналдырған Аида Темір жас болса да өзінің талантты көпке мойындалатын келеді. Бала арманының іске асуы жолында аян-бай еңбек етіп жүрген бойжеткеннің табандылығына сүйесіңіз.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.



Талабынан таймаған дизайнер мамандығына оқуға түсіп, биыл дипломын қолға алды. Студент болса да бірнеше республикалық, халықаралық байқауларға қатысып жүзделі орындармен орайды. Көпбалалы отбасында тәрбиеленген Аида үйдің кенжесі. Әкесі мен анасы да қарапайым еңбек адамдары. Алғашқыда кенже қыздарының көз майын тауысып тігінші болуына бағасын бермегенмен, уақыт өте балаларының дара қасиетін мойындады.

Сән әлеміне жаңа қадаммен келген жас дизайнердің колөнерге қызығушылығы бесінші сыныпта басталды. Өзінің авторлық «Premium rose» атты орамалынан бөлек барлық киім үлгісін кескіндеп, пішіп тігеді, әдемі моншақтармен безендіреді. Осы уақытқа дейін Аиданың екі топтамасы көрсетілімге шығарылған. Бұл, әрине, жас дизайнер үшін үлкен жетістік. Нео-фольклор үлгісінде тігілген сән көйлектерін арнайы модельдер ше-руімен жұртшылық назарына ұсынады. Сәгердің биылғы жетістігі – Өзбекстан республикасында өткен байқаудан топ жарып, бірінші орын иеленуі.

Қазіргі күні жарыққа шығарған өнімдерінде қазақы нақыштың иісі аңқып тұр. Жас дизайнердің айтуынша, соңғы жылдары қазақы стильде тігілген киімдердің тұтынушылары артаған. Заманға сай ою-өрнекпен әдемі көмкеріліп тігілген орамал мен киім-кешек ерекше сұраныста.

— Келіншектерге арналған орамалды әдемі раушан гүлдерімен көмкеріп, өзіндік реңк беруге менің бір күн

уақытым кетеді. Ал ұзатуға арналған көйлектерді тігуге бір апта жұмсай-мын. Маған арнайы тапсырыс беруші тұрақты тұтынушыларым бар. Бірақ көп емес. Өйткені, тек әлеуметтік желідегі парашам арқылы мені танытындар ғана сатып алады, әсіресе мереке кезінде тапсырыс берушілер көп болады. Жай күндері күніне 1-2 орамал өтеді. Көз майымды тамызып, асқан тәзімділікпен тігілген орамалдың бағасын қалта көтеретіндей етіп қойдым. Бірақ көп адамдар колөнер еңбегінің бұдан қымбат тұратынын біле бермейді. Сондықтан арзанға сұрайды. Бір орамалдың бағасы оған кеткен жұмыстың көлеміне орай 2500 теңгеден басталады, — дейді.

Аидаға тігіншілік өнер әжесі Тұрсынқұл Баханаовадан берілген екен. Ол кісі Нартай Бекжановтың көзін көрген, сол Нартай атамыз құрған концерттік бригаданың белді мүшесі, әрі әнішісі, әрі шәкірті болған. Сахнаға киетін киімдерін әжесі өзі тігіп, жарқыратып киіп шығатын көрінді. Міне, қасиетті колөнер бүгінде немересіне жұғасты болып, оның өмірде өзіндік дара болмысын айқындауға септігін тигізгендей. Бір өттегенайы, жас дизайнердің қолынан шыққан бұйымдарының кеңінен таралуына қолдау аз. Мемлекет тарапынан ешқандай грант не болмаса жеңілдетілген несие ала алмай отыр. Талантты бойжеткенге демеушілік жасалса өзіндік тун дүние-лерімен отандық өнімнің дамуына үлес қосарына сенімдіміз мол.

Ауыл шаруашылығына арналған семинар

Облыстың кәсіпкерлер палатасы ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлер үшін «Біліктілік орталығының» ұйымдастыруымен аймақта маусым-тамыз айлары аралығында оқыту-семинарларын өткізбек.

2015 жылдан бастап «Атамекен» ҰҚП жанынан ауыл шаруашылығымен айналысатын фермерлердің білімі мен біліктілігін жетілдіру мақсатында арнайы «Біліктілік орталығы» ЖШС ашылған болатын.

Серіктестік қызметінің басты міндеті – кәсіпкерлік субъектілеріне және кәсіпкерлікті жүргізуге бастамасы бар халыққа біліктілігін жетілдіру арқылы қолдау көрсету. Орталық ауыл шаруашылығының негізгі екі саласы: мал және өсімдік шаруашылығы бағыттары бойынша тегін семинарлар өткізіп, ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне теориялық және практикалық бағыт-тарда кеңестер береді. Биыл облыс бойынша 5 семинар өткізу жоспарлануда. Мәселен, маусым-шілде айларында өсімдік шаруашылығы бойынша Қызы-

лорда қаласы «Қызылорда» білім тарату орталығында дәмді, майлы және бұршақ дақылдары туралы семинар өтетін болса, шілде-тамыз айларында етті мал шаруашылығы бағыты бойынша Жаңақорған ауданындағы «Заман Ата» шаруа қожалығында және «7 ҚС Сыр табиғаты» шаруа қожалығында жеміс-жидек дақылдарына арналған оқыту ұйымдастырылады. Сондай-ақ, тамыз айында Қызылорда қаласындағы жеке кәсіпкер «Жаса Агро» бақша дақылдары жайында жиын өтетін болады. Семинарды еліміздің білікті мамандары «Біліктілік орталығының» сарапшысы Дулан Нағашыбекұлы, Қазақ Ұлттық Ауыл шаруашылығы университетінің «Агрохимия және топырақтану» кафедрасының профессоры Айгүл Жаппарова, «Қайнар қазақ көкөніс-бақша» ғылыми-зерттеу институтының бас агрономы Жарас Мамырбеков, «Ы.Жақан атындағы қазақ күрші» ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Әсет Тоқтамысов, институттың ғылыми қызметкері Камалдин Шермағанбет пен Жанұзақ Байманов жүргізеді. Біліктілігін арттырып келетін кез келген кәсіпкер қатыса алады.



ҚЫЗЫЛДЫҢ

...Қазалыға қарай келе жатырмыз. Өзіміз атын естіп, сырттай қанық болғанмен, Қызылқұмның әр түкпіріндегі бұрынғы киелі кісілердің жатқан жайын осы жолы көзбен көрмекпіз. Нақты мақсат та осы. Олар кімдер десеніз, аруақты Жанқожа баба, үш жүзге пір болған Мүсірәліұлы Қосым, мың баламен Бұланты шайқасында жоңғарды қырған Сартай батыр... Тізім жалғаса береді. Қасиет қонған һәм киелілер жатқан мекен деуіміздің де себебі осында. «Сыр медиа» ЖШС-нан жасасқан шығармашылық топ енді тарихи мол Қазалы топырағына да табан тигізді.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Бұл қай Адам ата?

Әуелі ауданға қарасты Тасарық ауылынан 30 шақырым қашықтықта жатқан, жергілікті халық Адам ата деп атап кеткен ескі қорым басына бардық. Біз көрген Балхам ата және Адам ата деп басында белгі тақтай орнатылған қорымның аумағы тым үлкен. Бір аңыздарда Адам атаның бойы 3 метрден ұзын болған деп те айтады. Жан-

Айтпақшы, ескі зираттан шыға бере «Сыр медиа» ЖШС басшысы Аманжол Сақыпұлы ағамыз мынадай қызық пікір келтірді.

— Студент күнімізде өлке-танушы, филология ғылымдарының кандидаты Әніс Жақыпов ағаймыздан естіген дерек еді. Ол кісі Байқоңыр мен Қазалы арасында «Кіндік» деген жер атауы бар екенін айтатын. Дәл осы маңда Адам ата мен Хауа ана жерленген деп те аңыздарды сойлетуші еді. Анығын деп басып ешкім айта алмайды. Оның

зында қалған жыр жолдары да себеп болды. Бірақ, сіз бен біз естіп-білген немесе көркем фильмде көргендей Сартай батырдың жас күнінде шайқас алаңында жоңғарлардың қолынан мерт болды деген түсінік бүгінгі жас буынның санасына кіріп кеткендей. Шын мәнісінде жасы ұлғайып кайтқан батырдың бүгінгі күні ерлік істері дәріптелу жағы кемшін болып отыр. Ал біз арнайылап барған Қазалыға қарасты Тасарық елді мекенінен 35 шақырым қашықтықта жатқан Сартай батыр қорымы басқаша сыр шертеді. Өзінің діни ұстазы санаған Қосым жожа мен атақты Жалаңтөс баба-

немересі. Қобыз ойнатып, елді түрлі аурудан емдеген айтулы бақсы. Зерттеуді көп қажет ететін тұлға. Мұнда аптаның бейсенбі, жұма күндері халыққа толы болады. Біреуге бала, біреуге денсаулық қажет. Ал, есінен ауысқан, жын қонғандар да осында келіп, әулие шарапатын көріп жүр. Сонау Әйтеке би ерлік істері дәріптелу жағы келіп, осы Қуаң өзеніне жақын орналасқан, қожасы да, қарасы да қатар жатқан бабалар басына жұрт тоқтаусыз келуде, — дейді өлкетанушы Алматы ағамыз.

«Төбесі құлап түскен, саз балшықтан өрген ұйтам басынан «Қосым жожа бейіті. 17-18 ғасырлар. Ескерткіш мемлекет қорғауында» деген тақтаны кезіктірдік. Оның қасында Қосымды бала күнінен бағып, тәрбиелеген «Сары қыз» авамыздың ескерткіш тақтасы тұр. Ал әулиден сал жоғары Әйтеке билің ұрпағы Өтебас тамына қойылған белгі де бар. Қосымжожа қабырғасын солға қарай өз алдына бір бөлек ұйтам көзге түседі. Бұны жергілікті халық «Бала әулие» деп атайды екен. Атауы айтып тұрғандай, мұнда жастай шетінеген нәрестелер жатқан көрінеді. Тіпті кейбір адамдарға осы ұйтам басынан ойнап жүрген жас балалардың елесі де жиі көрінеді-мыс.

Алдымызда, сәл биігірек орналасқан, төрт бұрышты етіп кірпішпен көтерген күмбезді кесене кездесті. Соңғы жылдары бой көтерген көрініс-ақ тұр. Бұл Жалаңтөс бабадүрдің ұрпағы Дәулет бақсының қобызына арнап салынған белгі болып шықты. Оның дәл сыртғы Дәулет бақсының жартылай құлаған өзінің мәңгілік жайы көрінеді. Ұлы адамдардың бір жерге шоғырлануының сыры енді түсінікті сияқты. Жалаңтөс бабадүрдің баласы Дәулет бақсы, Әйтеке билің баласы Өтебас, Сартай батыр секілді тарихи тұлғалардың осы маңға келіп жатқанынан бұл аймақта Қосым жожамен белделініп қаншалықты екені осындa да белгілі болып отыр. Ел аузындағы мына бір аңызда баяндалатындай, Қосым жожа, төртқара Дәулет бақсы, жақайым Сартай батыр үшеуі Қызылқұм қызылқұм келе жатып, алдарынан шыға келген қоянды көреді. Қоян да бұлардан үркіп-түей, арқан бойы жерде көрініп тұрған секесуілдің түбіне жата кетеді. Сонда ат тізгінін тежеген Қосым жожа: «Мен өлгеннен кейінгі бейітім анау қоян жатқан жер, сен Сартай оң жағыма, Дәулет сол жағыма жайғасарсыңдар» деген екен. Халық шығарған әпсана дегенмен де, барлық мұсылман арасында халық шіндегі белделі адамдардың қаншалықты алыс болса да өзі қол берген, пір тұтқан әулиенің басына келіп жатуы қабылданған заңдылық сияқты. Себебі, әулие Алланың сүйген құлы. «Әулиенің жатқан жерінде Алланың нұры болады. Нұр бар жерде береке болады» деген түсінікпен әулиенің маңына барып жатсақ, сол әзіз жанның құрметі үшін Алланың жарылқауына иінерміз деген

Адам ата қорымы.



жағы қураған торанғыл талдың бұтағымен қоршалып, жергілікті жұрт ақ шүберекпен әр жерден шығымдап байлаған ескі төмеліш астанда шынымен бізге белгісіз сыр бары анық. Ал енді Адам ата маңайындағы қыштан өрілген моланың көбісі Қазалыдағы Өркендеу маңындағы көне Жанкент қаласынан табылған кірпіштерге, яғни оғыз дәуірінің стиліне ұқсас. Демек, бұл сол замандарда өмір сүрген адамдардың зираты да болуы мүмкін. Өйткені, қанша жерден аңыз құрастырсақ та, миллиондаған жылдар бұрын өмір сүрген Адам ата жайы осында деп айту жанақ пікір сияқты. Бір ғажабы, ескі қорым басында торанғыл талдың да ұзақ ғұмыр сүргенін байқаймыз. Тіпті, қураған талдың түбі көктеп, томар шіріндісі топыраққа көмүлі болса да, жапырақ жайған. Ал биіктей өскен талдың көбі торғай ұясына толып тұр. Мұнда әр қорымның өзінше ерекшелігі бар. Тіпті, бір төрт құлақ тамының алдында бір кісілік тілеу-хананың орны да кездеседі. Бұдан байқайтынмыз, бұрынғы адамдардың өз пірлерінен медет сұрап, тұн ауып, таң атқанша шырақ жағып, тілек тілейтін дәстүрдің ескі заманнан бар екенін тағы да айғақтап тұр. Айтпақшы, аралап жүріп, жергілікті Шекті тайпасының рулық таңбасы бар құлпытас-тарын да кездестірдік.

үстіне «Байқоңыр – жер кіндігі» деп те бекер айтылмаған сияқты. Әу баста зымырандарды көкке ұшыраудағы ең тиімді, онай тұсы казак жері, оның ішінде Байқоңыр аймағы деп ғалымдардың танып-білуі осы жер атауларының әбден қатысы болуы мүмкін, — деп көпшілікті ойға қалдырды.

Иә, анықтайтын, әлі де пісіп-жетілуі кем көп мұра Сыр бойында жетерлік. Өткен жылдары аудандағы ұлт мұрасын қадірлейтін біршама жігіттер осы Адам ата қорымын қоршапты. Айналасы 500-ден әрі мүрде орны бар бұл жерде әлі ашылмаған көп құпияның бары рас.

Қосыммен қатар жатқан киелілер жайлы бірер сөз

Сартай батыр бастаған, Кіші жүзден мың бала, Аттанды ұлы жорыққа. Қамшысы бар білеул, Найзасы бар егеулі, Саржасы бар кезеулі, Урайдан шапқан ұрыста, Өр біреуі жүз кісіге балаулы...

Бұл Нұрмағанбет Қосжанұлы қалдырған атақты «Сартай батыр» дастанының үзіндісі. Халыққа да батыр жайлы деректің там-тұмдап жетуіне осы шығарманың үлесі бары айтпаса да түсінікті. 2012 жылы тұсауы кесілген фильмге осы жұрт ау-

дүрдің ұрпағы Дәулет бақсының жанына мәңгілік жайғасын «Мың баланың» бас қолбасшысы жайлы сапар барысында көрген-білгенімізді қағаз бетіне түсіргенбіз. Әуелі Қосым жожадан бастасaq.

Тасарық ауылындағы №238 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі, өлкетанушы Алматы Сұлтамұратовтың айтуынша, бұл жерде үш жүзге пір болған сопы әзіз Мүсірәлінің бел баласы, кіші жүзге пір болған Қосым жожаның (кей деректе Мүсірәлі — Алаштың пірі, Қосым — қазақтың пірі деп те айтады) бейіті осында болып, содан кейін әулие қасына мәңгілік жайын қатар қойышылар көбейген. Қазақтың түсінігі бойынша, әулиенің шапағаты тиер деген діни ұғым Қосым бабаның қасындағы көп зираттың шоғырлануының басты себебі деп қарастырсақ болады.

Мына қорым сыртында Қосымның өзі бала оқытқан, елді діни тәлім-тәрбие ұқтыған мешіті тұр. Бұл маңда ел отырған. Негізі, бұл Қосым баба Жетірудің бір тармағынан тарайтын Керейт руынан шыққан діни қайраткер. Халық арасында Керейттен шыққан жожа деп те атылып кеткен. Біздің руымыздың Керейтжожа деп те аталуы осында. Ал кейбір рушылдық, тектік дертпен ауырған түрлі пәлсапашылар Қосымды да, Мүсірәліні де арабаған әжіліп таратады. Бұл қате пікір. Бұлар нағыз қазақтан шыққан, сол ұлтқа қызмет еткен, жожа деген атауы өз білім дәрежесімен алған кісілер. Ал енді Қосыммен қатар өмір сүріп, дос болған Дәулет бақсы жайлы айтар болсақ, бұл атақты Жалаңтөстің

Сартай батыр мазары.



Жанқожа батыр бейіті.

үміт кез келген пенде басында болған.

Ал Анырақайда мың баланың басын қосып, қалың қалмақты еңіретке қуған, Аралдың Ақшатауында туып-өсіп, сүйегі Қосым бабаның қасына жерленген Сартай Байжанұлы жайлы деректі ел енді танып келеді. Біз көрген деректе батырды 1711 жылы туып, 1785 жылы қайтыс болған деп жазады. Бұл дәуір, тарих жылнамасында көрсеткендей, казак пен қалмақ арасындағы соғыстың шарықтау шегіне жеткен кезі десек болады. Ал енді тарих ғылымдарының кандидаты, Бауыржан Еңсеповтің зерттеуіне сүйеніп, макаланы қоюландыра түссек. Ғалымның зерттеуінде былай баяндалады: «Алғашқы дерек көздеріне Нұрмағанбет Қосжановтың «Сартай батыр» дастанын жатқызымыз. Онда Сартай батырдың азаттық қозғалыстағы қаһармандық ерлігі жан-жақты сипатталады. Осы шығармасы үшін ақын Нұрмағанбет Қосжанов 1930 жылы саяси қудалаудың нысанасына ілігіп, жазықсыздан 5 жылға сотталған. Саяси қудалау онымен тоқтамай, 1937 жылдың 29-тамызында Ақтөбе қаласының НКВД үштігі Нұрмағанбет Қосжанұлын «халық жауы» деп айыптап, ату жазасын кесіп, үкім сол жылы 4-қыркүйекте орындалады. Осыдан соң Сартай батыр бастаған шығармаға тыйым салынып, 70 жыл бойы айтылмай келді. Ақынның «Сартай батыр» атты тарихи поэмасында мың баланың жасағын басқарған 15 жасар Сартайдың Әбілқайыр хан басқарған казак халқының әскерімен бірге Анырақай шайқасындағы ерлігі жырланады. Тарихи жырдағы дерекке сүйенер болсақ, Сартай 1710-1711 жылдары дүниеге келген деп топшылауға болады. Сонымен қатар, батырдың шығу тегін Арал казактарының шежірелік мәліметтерінде оны кіші жүз Әлімұлы тайпасының шекті руына жатқызады. Ақын З.Шүкүрөвтің жазып қалдырған шежіресінде Жаманак (Шекті) — Шыңғыс — Жақайым, одан — Ақбұра, оның үлкен әйелінен — Абат, кіші әйелінен — Асан. Асаннан үлкен Асан және кіші Асан. Ал кіші Асаннан — Қосқулақ, одан Байжан. Байжан бидің екінші әйелінен — қолбасшы, біз жатыр Сартай шамамен 1711 жылы туып, ұзақ өмір сүріп, 1817 жылдың қыс мезгілінде (ғалым батырдың қайтқан жылы басқаша көрсетіп отыр, ал Сартайдың туып-қайтқан жылдарына қатысты түрлі болжам барын тағы да ескертсеміз — авт.) казіргі Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақшатау елді мекенінде қайтыс болып, Қазалы ауданында жерленген. Қорыта келе, XVIII ғасырда казак қоғамында, оның ішінде Кіші жүзде өзіндік ықпалы бар шекті руының бні әрі батыры Сартай Байжанұлының қоғамдық-саяси қызметін тарихи тұрғыдан талдап, оның казак тарихындағы алатын орнын көптеген дерек көздері арқылы ашып көрсету үшін зерделі зерттеу жүргізу қажет. Ол үшін Сартай батырға қатысты Ресей Федерациясы орталық мемлекеттік мұрағаты мен Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағат қорларындағы құжаттармен танысып, ғылыми негізде саралау керек».

Зерттеуші осылай дейді. Ал халықтық дерек бойынша, ел қорғаған батыр өмірінің соңында дінге бет бұрып, Қосым жожадан дәріс алып, бақилық болғандардың жаназасын шығарып, батыр атағынан бөлек, дін жолын уағыздаушы ретінде де

белгілі болған. Әулиелігімен, кара қылды қак жарған әділдігімен, хақ жолын берік ұстаған адалдығымен би Сартай деген атпен де ел-жұртына кеңінен танылады. Тіпті, көп деректерде жазатындай, өзбек, карақалпақ, қырғыз, түрікпен жұрты оны «көкпегі пақ адам» деп құрметтеген. Себебі, Сартай би елге өзі келіп тиген жау болмаса, жау іздеп жорыққа шығуды қолай көрмеген. Барымта мен ел араздығын тудыратын кез келген жаманат шақырар істен аулақ болуды халқына насихаттап, бірлікке шақырып, ислам дінін уағыздауда көп күш салғанға ұқсайды.

«Енді көкейде қалып кеткен, әсіресе, «Жаужүрек мың бала» көркем фильмінде көрініс табатын Сартай батырдың өмірі қадран тыс жатқанын көпшілік бел бермейді. Рас, көп зерттеушінің пікірінше, кино тарихи шындықтан тым қатты бұрмаланған. Меніңше, бұрмаланды дегеннің өзінде осы киноға алғыс айту да керек шығар. Өйткені, осы туынды халыққа жедел тараусымен барып, Сартайдың кім және қандай адам болғандығы жөнінде деректер қоры біртіндеп шыға бастады емес пе?! Оның қаншалықты тарихқа жақын не алшақтығын айтпасақ та, жастарға патриоттық тәрбие беруге «Жаужүрек мың бала» фильмі өз үлесін анық қосты. Бұл енді өз пікірім.

Айтпақшы, осы Қосым жожа бастаған аруақтылардың мәңгілік жайынан 20-25 шақырым әрі Ақ ишан (Ақмамбет), Қарасақал Ерімбет зираты мен Ақша батыр қорым-мұнарасы да кездеседі. Бұл Фани Мұратбаев тұрған өлке дейді білетіндер. Сол маңда Шығыс жұлдызының діни дәріс алғанын да айтады ұлкендер. Тағы да айтамыз, құм қойнауында көп сырды ішке бүккен тылсым тарих жатыр...

Жанқожа жатқан жайға барсаңыз...

Қазалыдан арнайы жол талғамайтын көлікпен 270 шақырым асып, Қызылқұмның үстің баса, Жанқожаның өзі жатқан мазар басына бара аласыз. Қара жолмен. Тактайдай тегіс жол жоқ. Біз әуелі Кәукей ауылындағы Жанқожа батырдың ағасы Ақмырза ұрпақтарының үйінде болдық. Басты мақсат — мұнда батырдың соғыста киген сыртқы сауыттың өз көзімізбен көру еді. Құнды жәдігерді аудан мен облысы музейлері қанша сұраса да, өз көздерінен таса етпеген батыр ұрпақтары «бабамыздың көзін шанырақтан алыстатқымыз келмейді, бұл — отбасылық шешім» деген ойларын да айтты. Өйтсе де, түкпір ауылда жатқан мұндай мұраны іздеп келіп, көрушілер жетерлік. Баба ұрпағы Эльмира Ебелекованың айтуынша, тарих зерттеушілері әдейілен ат басын бұрып, батырдың сауыттың суретке тартып, өз ғылыми мақалаларына арқау екен.

Сапарымызға оралсақ, Кәукейден 170 шақырымнан аса жатқан шекараның нақ түбін-

дегі баба кесенесіне кешке таяу жеттік. Жолда Ажар атты шағын ауыл мен батыр атындағы Қызылқұм шекара бекетінде азкем аялдадық. Бізге серік болып жүрген Тасарық ауылының әкімі Марат Сұлтамұратовтың айтуынша, мұнда көшпелі ата-бабамыздың қыстауы көп кездеседі, тіпті, құм арасында көп бұлақтардың орны әлі де бар. Кенес дәуірінде әрі совет-хазға тиесілі жүкөткен сол бұлақтарды тазалап, көзін ашып тұратын мекеме де болған көрінеді. Сапар барысында жолда кездескен 2-3 бұлақ басына аялдап, салқын суына түстік. Әлі де әкім айтқан көп қайнардың бітелген көзін ашып, тиісті жұмыстар атқарса, мал шаруашылығына бұрынғыдай көмегі тиері сөзсіз.

Халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы жайлы айта калсақ, оның ең біріншіден, Хиуа мен Қокан, одан қалды, орыс отаршыларына қарсы күресте ел аузындағы ерлік істері бірден ойға оралады. Бұл туралы сөз қозғаймыз, әрі көпшіліктің Жанқожаның ел үшін жасаған ерлік істері мен әулиенің қасиетінен біршама хабарлар екені анық. Батыр туралы көптеген зерттеуші ғалымдар, жазушылар еңбек қалдырды. И.В.Аничков, Б.Шалабаев, С.Қасқабасов, З.Шүкүрөв М.Қаназ, Б.Қарбасов, сынды белгілі тұлғалар жазған шығармаларда батыр бейнесі бүгінге толық ашылып жеткендей. Өсіресе, ұзақ жылдар осы тақырыпта тереннен қазылап, көнекөздер әңгімесін қағазға түсірген, 50 жылдан астам мұрағат ақтарған, зерттеуші-жазушы Өбсаттар Осанов өзінің «Жанқожа батырдың тарихи бейнесі» атты зерттеу мақаласында («Егемен Қазақстан», 12-маусым, 2013 жыл) батыр жайлы мынадай маңызды ақпарат береді: «Жанқожа 1774 жылы казіргі Қазалы ауданындағы өзінің есімімен аталатын ауылдың шығысында жатқан Сарықөл мен Қарақолді қосатын «Құрқырейік» арнасы жағасында дүниеге келген. Ал 1860 жылы наурызда жалғыз үй отырған 86 жастағы батырды он төрт жасар баласын патша сарайына кепілдікке беріп, орыс армиясының полковнигі атағын алған Елекей (Ермұхаммед) Қасымов өз отрядымен қамап, Байқадам батырдың кенже ұлы он жеті жасар Ақсақалға аттырып өлтірген. Батыр Қызылқұмдағы өлтірілген жерінде жерленген.

Жанқожаның туған-өлген жылы, жері жайлы деректер ешқандай талас туғызбайды. Өйткені, ол жайлы 1992 жылы жарық көрген «Жанқожа батыр» атты тарихи романының басына бара аласыз. Қара жолмен. Тактайдай тегіс жол жоқ. Біз әуелі Кәукей ауылындағы Жанқожа батырдың ағасы Ақмырза ұрпақтарының үйінде болдық. Басты мақсат — мұнда батырдың соғыста киген сыртқы сауыттың өз көзімізбен көру еді. Құнды жәдігерді аудан мен облысы музейлері қанша сұраса да, өз көздерінен таса етпеген батыр ұрпақтары «бабамыздың көзін шанырақтан алыстатқымыз келмейді, бұл — отбасылық шешім» деген ойларын да айтты. Өйтсе де, түкпір ауылда жатқан мұндай мұраны іздеп келіп, көрушілер жетерлік. Баба ұрпағы Эльмира Ебелекованың айтуынша, тарих зерттеушілері әдейілен ат басын бұрып, батырдың сауыттың суретке тартып, өз ғылыми мақалаларына арқау екен.

Сапарымызға оралсақ, Кәукейден 170 шақырымнан аса жатқан шекараның нақ түбін-

қойнауында...

мырзаулы үлкен ұлы Бижанға: «Жанқожа атаң орыстармен соғысатын кезде 82-83 жаста еді» деген екен. Көтерілістің 1856 жылдың күзі мен 1857 жылдың қантарының екінші жартысы аралығында болғаны мұрағат деректерінен белгілі. Көтеріліс кезінде сатқындық жасаған рубасыларына және Қазалы форты басшыларымен ауыз жаласып, орыстардың пайдасына тыңшылық еткен кейбір билер мен батырларға өкпелеп, Бұхара жеріндегі «Ерлер» шынына көшіп кеткен батырдың үш жыл өткеннен кейін ғана ажал құшқан жеріне оралғанын ескерсе, онда оның 1860 жылы өлгені және 1774 жылы туғаны (1860 – 83 – 3) дау туғызбайды.

М.Тынышпаев айтқандай, «көзінің тірісінде-ақ үш жүздің әйгілі батыры, белгілі биі һәм алдын болжаған әулиесі» атанып, бірақ қаншама теңдессіз ерліктер, әділ әрекеттер жасаса да, қашаннан да ауызбірлігі жоқ халқының басын бір ту астына біріктіре алмай, бүкіл ғұмыры өкінішпен өткен, ақыры, қартайған шағында, өз елінен шыққан сатқындық қолынан қаза болған сол Жанқожа батырдың жеке басына қатысты нақты деректер осындай.

Әбсаттар Оспанов ағамыз айтқан зерттеуден асып ештеңе айтпаймыз. Біздің басты мақсат, қос ел – Қазақстан мен Өзбек елі шекарасының нақ түбіндегі, Қызылдың құмындағы батыр бейітін көзбен көріп, көнеқоздар айтқан дерекке қанығып қайту.

Батыр мазарының қасында өзінің үзетіліс, сенімді серігі бола білген талай жорықта ту ұстаған Жақайым Қызылбас палуанның да денесі жатыр. Сонымен бірге көне қорымдар кездеседі. Бүгінгідей есеңсіз көтерген бейіттерді мұнда көрмейсіз. Көбісі сексеуіл үйіндісімен қоршалған немесе жақын жердегі тұзды көлдің ақ кесектерінен үйме-үйме етіп көтерген ежелгі мазар орнын байқайсыз. Айтпақшы, баба басында кейінірек марқұм болған мұсылмандардың жайлары бар. Ал көне қорымдардың көбісін кімге тиесілі екені белгісіз, уақыт өте тіпті жер бетімен бір-

дың дені дертіне шипа іздегендер, саби сүймеген адамдар, сонымен бірге көршілес Өзбекстандағы қандастар жиі соған ұқсайды.

Жанқожа батырдың зираты дәл шекара сымы керілген жерде, Қазақстан жақ бетте орналасқан. Ал батырдың өз әкесі Нұрмағамбет те, оның ағасы Өтегеннің де зираты бұл маңайдан тым алыс, Қазалының баба атындағы ауылына жақын жерде қатар жатыр. Өз туысы Рахманқұл мен Хиуа басқыншылары қастандық жасаған бабаның туған ағасы Ақмырзаға да сол әкелері маңына ескерткіш орнатылған. Аргы атасы Киікбай батыр Аралға кетер жолдағы Шөкен ауылының территориясында көрінеді. Басында мұнарасы бар. Бізді бастап әкелген Еркін Иманғалиұлы осы Ақмырзаның Иса атты баласынан тарайтын Бижанның шөбересі екен. Бижаннан Сағадин, Сағадиннен Иманғали, ал Иманғалидан біздің жолбасшы Еркін ағамыз туады.

«Қызылбас палуан атамның ең сенімді серігі болғанға ұқсайды. Жаугершілікте ту ұстап, елдік пен ерлікті қатар алып жүрген батыр екен. Ірілігі сонша, ат белі көтере алмай, өзі түйемен жүретін көрінеді. Өзінің аманаты бойынша, Жанқожа батыр қайтыс болған соң, бабаның аяғына қойындар деп отініш айтқан. Аманат орындалып, оның бейіті де бабадан төменірек тұр. – делі Еркін ағамыз палуан бейітін көрсетіп тұрды.

Күн ұясына батар тұста көлбеуі мына ой келе берді. «Өлсем де қазақ жерінің бір шетін аяғыммен тіреп жатайын» дегендей баба мазары шынымен шекара сымының нақ түбінде орналасқаны мені сол кезден бүгінге дейін әлі таңғалдырады. Сырт көзге айтбай болып, заманында дұшпаннан қағажу көрген қазақтың қамын жеген ұлт тұлғасының қорымы көп сырды

жағып, белгі беріп, жол көрсету үшін салдырған мұнара» десе-ді. Ал енді жергілікті жұрт Сараман-Қоса тарихын басқаша таратады. Нақтысы беймәлім. Айтпақшы, жазушы Әбсаттар Оспановтың «Наркескен» атты тарихи-көркем трилогиясында бұның түпкі шығу тарихын керемет етіп баяндайды. Аңыз бойынша, достығы жарасқан ханның жалғыз ұлы Сараман мен кедейден туған ер Қосайдың есімдерін бірге таңып, «Сараман-Қоса» деп ат берген оқиғаның қысқаша желісі мынау еді.

«Шамасы 10 шақты ғасыр бұрын бұл өлкені оғыз-қыпшақтар мекен етсе керек. Тегі бір түркітілдес, туыс халықтар ауылы аралас, қойы қоралас дегендей, қыз алысып, қыз берісіп, бейбіт өмір кешкенге ұқсайды.

Қош, сонымен осы өңірде Женттей қала тұрғызып, билік құрған ханның Сараман деген ұлы мен Қосай деген жарлы жігіт бала күнінен бірге өскен, жұбы жазылмас, жан аямас достар болыпты. Екеуі құрлас әрі нағыз ержүрек батыр, соғыс өнерін меңгерген, ел мақтаған жігіттер екен.

Бірде шағын қаланың күнделікті күйбеңнен іші пысқан қос батыр «Рұқсат етсеңіз, жер көріп, ел танып қайтайық» деп хан алдына барыпты. Хан да қарсы болмай, батасын берген. Арнайы рұқсаттан соң екеуі Қуаң мен Сырдан асып, Арқаға қарай жатқан қалың елді аралап екі айдай уақытта да өңерген. Арқаны айналып, Сарысу аймағына келген бұлар үлкен бір қыз ұзату тойының үстінен шығады. Ойда жоқта үстінен түскен думанға ауыл адамдары екеуін ежелгі дәстүрмен қонақ етіп, құрақ ұшады. Жастардың ортасына апарып, айрықша құрмет көрсетеді.

Бұл аңыздың қызығы енді басталғалы тұр. Жастар арасына түскен Сараманның сол күні кешқұрым енесі түсіп, жүзінен қобалжу біліне бастайды. Әбден жас күнінен сыралғы болған жан жолдасы Қосай досының көңіл күйін жазбай таныса керектігі. Сарамандағы мазасыздыққа әкелген басты себеп мынау

«Өткен-ай, дейсің. Күші басым қыз ағалары Сараманмен бірге Қосайдың да, қыздың да басын қанжығаға байлайды. Арда екі-үш ай өткенде арнайы іздеумен сүйегі табылған махаббат құрбандарын хан әкеңіз жарлығымен әрқайсысын өзінің өлген жеріне жерлейді-міс. Кірпіш бастырып, күйдіріп, мұнара тұрғызады».

Мінекей, Сырдың төменгі ағысындағы әпсананың біріне осылай қанығып қайттық. Айтпақшы, бұл жайлы аңыздың тағы бір нұсқасы бар. Ол бойынша да бір-біріне ынтық екі жас зұлмандардың құрбаны болады. Бүгінде мұнараға республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесі берілген. Мұнараның төбе жағында үш қарауыл тесігі бар, аузы оңтүстік-шығысқа қараған, 1984 жылы қайта қалпына келтірілген. Әуел баста шикі кірпіштен өріліп, кейіннен күйдірілген кірпішпен қапталған.

Түйін. Басың жаз басталғалы ысылдаған құм арасынан қазақтың өткенін білесек деген өлермендікпен апталап жүрсек те, бұл сапарға өкінген ешкім жоқ шығар. Бастысы, тарихи тұлғалардың өмір жолы мен ерлік ісі, елге деген қызметіне қатысты көрген-білгенімізді қағазға беттеп, «теңізге қосқан тамшыдай» болса да үлес қосуды өзімізге парыз санадық. Әлі де карт Қаратаудан бастап Аралдың кен атырабына дейінгі аймақта бүгінгілер білмейтін һәм білуде тиісті қанша құндылық жатқанын ешкім тап басып айта алмайды. Біз Қазалының бір бөлігін ғана шарлап шықтық. Бармаған, көрмеген нысандар қаншама?! Осындай шежірелі ескерткіштеріміз жайлы жазу үстеліне отырмас бұрын, олардың нақты мекен-жайына барып, көзбен көріп, көңілге тұю бөлек дүние. Айтқандай, «Сыр медиа» ЖШС жанынан құралған шығармашылық топтың киелі жерлер мен тарихи мекендерге сапары әлі де жалғасатын болады. Бұл – жасаңғуры жолы.

ден әдеп сақтаймын десе де, іштегі бүрк етіп басталған асау сезімге бұғалық сала алмаған қыз байғұс та жәудіреген жанарымен қапсағай денелі, қиятқай қара мұртты жігітке бар ынтық кеткен еді.

Әпсананың әрі қарайғы желісін сізде ұғып келесіз, құрметті оқырман! Айттырған жеріне қарамастан, Сараман да, ұзатылғын отырған ару да ғашықтық деген дертке шалдығып, ақыр соңы екеуара келісіммен, шын бақытқа жету үшін атқа қонып, түн жамылып, қашқанға ұқсайды. Әрине, қызды алып қашу жоспарына ер Қосайдың да үлкен көмегі болғаны сөзсіз.

Оқиғаның соңы былай болады. Түнгі даланың бұйығы тыныштығын бұза шапқан қашқындар көп ұзамай Сарысу аймағынан ғайып болады. Таң ата той иелері қыздан айырылып, сорлап қалғанын біледі. Қыздың алты ағасы болған екен. Алтауы бірдей атқа қонса, артынан ерер алыс жігіттің бар екені белгілі. Қашқындардың ізін түскен осы алтау бетпақ даланы кесіп өтіп, Сырға қарай ат қойған қашқындардың соңынан ілеседі ғой бағы. Бес күн шауып, алтыншы күнге таяғанда Сырдарияның жағасына тұяқ іліктірген қос жігіт пен қыздың артын қуғыншылар да тап қалған еді. Ендігісі белгілі. Өздерінің құтылмасын білген Сараман елге жетіп қалса да, қалаға кірмеуді жөн көреді. Өйткені, бұлардың жайын білсе, әскер әкеліп екі жақ соғысуға бек мүлкім еді. «Бұлардың қанын басқаларға жүктенгеніне, өзімізбен өзіміз болайық. Әу баста бұл тәуекелді бастаған мен едім. Өзім алдын бөгейін, Қосай, сен қызды алып Қызылқұмды бетке ал. Мен аман қалсам, сендерді табармын» дейді хан ұлы. Сонда Қосай: «Екеуіңнің садаған кетпесем, менің достығың қайда?! Жол менің, кірмеңдер!» десе де, Сараман көңбеген. Ажалына көрінген деген осы шығар. Қыздың алты ағасы алыс жігітпен күші ба-сым болды. Жеті адамды жебе-мен жықса да, Сараман ақыры қолға түседі. Басы кесіледі. Ал он-он бес шақырымдай ұзаған қыз бен Қосай ендігі жайы қалай болған?! Төбенің басына шығып қараған Қосай шайқастың бітпесін біліп, қызға: «Осы бетіңмен қаша бер. Тірі қалсаң ұмытпағайсың, жанағы шайқас болған төбенің басында Жент деген қала бар. Сараманның елі сол» дейді. Қыздың «өзім кара жамылдым, өлке не бетіммен барамын?!» деген зарына да қарамастан, қыз мінген тұлпарды қамшымен бір тартып, енді қуғыншыларға қарай ер Қосай қарсы шапқан көрінеді...

Отпен-ай, дейсің. Күші басым қыз ағалары Сараманмен бірге Қосайдың да, қыздың да басын қанжығаға байлайды. Арда екі-үш ай өткенде арнайы іздеумен сүйегі табылған махаббат құрбандарын хан әкеңіз жарлығымен әрқайсысын өзінің өлген жеріне жерлейді-міс. Кірпіш бастырып, күйдіріп, мұнара тұрғызады».

Мінекей, Сырдың төменгі ағысындағы әпсананың біріне осылай қанығып қайттық. Айтпақшы, бұл жайлы аңыздың тағы бір нұсқасы бар. Ол бойынша да бір-біріне ынтық екі жас зұлмандардың құрбаны болады. Бүгінде мұнараға республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесі берілген. Мұнараның төбе жағында үш қарауыл тесігі бар, аузы оңтүстік-шығысқа қараған, 1984 жылы қайта қалпына келтірілген. Әуел баста шикі кірпіштен өріліп, кейіннен күйдірілген кірпішпен қапталған.

Суреттерді түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ. Қызылорда-Қазалы-Қызылорда.

Әдебиетке өз үнімен келіп, жыреуіер қауымды жалт қаратқан Зордан Салықбаевтың да өмірден өткеніне 30 жыл болыпты-ау. Зордан өзінің ақындық жолға қалай келгені жайлы: ... «Баяғыда бір қазақ: «Өлкенің бес-алты ауыз арқасында, қыздардың болдым таныс бәріменен» деген екен. Сол айтпақшы, бес-алты ауыз өлкенің арқасында мен де әдебиеттегі адамдармен таныс болдым-ау. Олар ұстаздарым Ә.Қоңыратбаев, А.Түрбеков, Г.Смағұлова, Р.Сәрсенбаев, О.Байжоллов және ақын-жазушылар А.Токмағамбетов, З.Шүкіров, Д.Тасекеев, Н.Сералиев, Қ.Сүйеинов, Қ.Дәрібаев, т.б. Адамды осы орта өсіреді ғой. Егер мен оқымай ауылда қалып қойғанда жазбас па едім, кім біледі? Ондайлар аз ба?» деп жазған екен 1965 жылдың күзінде.



Ол әрқашан өлеңге құштар еді

Зордан Салықбаев өлең жазуға кездейсоқ келген жан емес. Аргы бабасы Балқы Базар, одан кейінгі өзі аралас-қуралас болған ағалары: Мырзағали Ақжолов, Байнияз Желдербаевтар жырау болатын. Ал өз әкесі Салықбай Күзеров те қаражау емес еді. Жасынан өлең-жырдың ортасында өскен Зорданды Қызылордадағы педагогикалық институт қабырғасы ақындыққа баулыды десе болғандай.

Жоғарыда өзі атап өткен ғалымдардың кенесімен әдеби үйірмеге, облыстағы Аскар Токмағамбетов басқарған кештерге қатысып, өлең айдынына еркін құлаш ұрды. Сөйтіп 1963 жылдан З.Салықбаевтың есімі институтта ғана емес, облыс жұртшылығына таныла бастады. Серік Сейтмағанбетов, Барзарбай Исаев, Тыныштықбай Мұрышбаев, Балашбек Шағыров, Темірше Сарыбаев, Махмұтбай Әміревич, Балтабай Тәжімбетов, Әскербек Рахымбеков, тағы да басқа замандастарымен бірге жыр додасына қатар келіп, қатар өсті.

Аскар Токмағамбетовтің айтуынша, XX ғасырдың 60-70-ші жылдарында қатар шыққан 30-ға жуық жас ақынның ішінде Зордан Салықбаев ерекше танылған.

Зордан Салықбаев 1944 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының «Жанаталы» колхозында туып, осында алғаш мектеп табалдырғын аттаған. Ол I-сыныпты апалары Жұмақұлден сабақ алып үйренсе де, қатарластарынан көп білетін бала болды. Сөйтіп, 1960 жылы онжылдықты бітіргеннен кейін 1-2 жыл колхозда радист болып жұмыс істеді. Осы жылдарда колхоз радио торабынан жаналық таратып, жұртшылықты жергілікті радио хабарын тыңдауға бағыттады. 1967 жылы алғашқы мұғалімдік қызметін №188 орта мектептен бастап, кейін мектеп ди-

ректорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болды. 1968 жылы «Аққыр» совхозының «Ленин» орденді шопаны Майтан Ахметовтің 60 жылдық мерейтойы өтіп, сонда Зордан «Дала перзенті» атты толғауын оқыды. Осы салтанатқа қатысып отырған Жалағаш аудандық партия комитетінің I-ші хатшысы Исатай Әбдікәрімов оның талантты тәнті болып, аудандық газетке қызметке шақырады. Сөйтіп, «Жаналария» атты аудандық газетте бөлім меңгерушісі, редактор болып 10 жылдан астам қызмет етті. Мұнда да абыройсыз болған емес.

Өлең, саған мен ерқашан құштармын, Егер сені жаза алсам, жасыман.

Бірде-бірде қаламымды ұштармын.

Жыр жазармын әлі талай тасыған,

– деген ақын өлеңге адал болды.

Зордан қандай бала болды, балалық шағы қалай өткені дегенге келетін болсам, әкесі Салықбай, анасы Ақши қолхозшы болды. Олардың үйімен қыста да, жазда да жақын тұрдық. Қыста арықтардың ішімен қонық теуіп, жазда асық, доп таяқ ойнаумен қатар қой айдап, қозыны байлап дегендей ата-анамызға көмектесетін едік. Жайлауда болғанда «Мәдениет» каналының аяғымен «Басар» арығына суға түсіп, жалақ ойнап, бір-бірімізді суға түншықтырып та ойнайтынбыз. Бірде осылай ойнап жүргенімізде канал басында тұрған Зорданның анасының маған арнап айтқан сөзі күні бүгінге дейін есімде қалыпты. «...Әй, Тишжан, Зорданды суға түншықтыра берме, ол зарығып көрген ұлымыз ғой» деп қайта-қайта тапсыратын.

Шынында да Зорданның есімінде үлкен мән жатыр. Ата-анасы зарығып күткендіктен, Зордан қойған десе, екіншісінде баласы зор болсын. Зордан деп

атаған болар дейтін.

1967 жылы жоғары оқу орнын үздік дипломмен бітірген З.Салықбаевты аспирантураға қалдырса да, отбасы жағдайымен ата-анасы тұратын «Аққыр» совхозындағы мектепте ұстаздық жолын бастады.

Шамасы 1979 жылдың іші болса керек, бірде Аққыр мектебіне телефон шалған едім, тұтқаны мұғалім Шахмұхтар Жаңабаяв алды. Мен ол кісіге Қызылорда облыстық «Білім» қоғамының жауапты хатшы-

сы М.Жанысбаев болып танысып, З.Салықбаевтың «Білім» қоғамының облыстық жиналысында баяндама жасау керектігін таптіштеп айтып, тақырыбын жаздырып, мерзімін де айттым.

Біршама мерзім өткеннен кейін тағы да телефон шалдым. Бұл жолы абырой болғанда телефонды Зорданның өзі алды. Мен амандық-саулықтан кейін, баяндаманың жай-жапсарын сұрай бастағанда-ақ, «Әй, Тынышбек, сенің осы әзілің мені біраз ізденуге, оқуға жұмылдырды» деп күліп жіберді. Мен де мына жақтан күліп, бірде әңгіме-лескен едім.

Қатар өстік, қатар қызмет атқардық. Өзінің редакторлық жауапты қызметіне қарамастан, шығармашылықтан қол үзбей, өлең мен прозаны қатар ұстады. Көзі тірісінде қолына «Үміт толқыны» атты жинаққа бірнеше әңгімелері енгізіп көріп кетті.

«Ақындар ауылда туып, Алматыда өледі» деген. Алайда Зордан ақын ауылда туып, ауылда дүниеден озды.

Зордан Салықбаев газеттердегі макалаларынан басқа: «Үміт толқыны» (1988), «Жазылып қалған жан сыр» (1996), «Армандап өткен ғұмыр» (2006), Зордан Салықбаев шығармалары (2009) баспадан шығып, оқырмандар қолында.

Зордан доссыз 30 жыл ішінде өмір өзгерді. Ел тәуелсіздікке қол жеткізді. Егер, З.Салықбаев тірі болса, еркіндікті ерекше жыртпаған болар еді. Амал қанша, бәрі де бір Алланың құзыретіндегі іс қой. Халқымызда «орында бар, оналар» демекші, артында Динарадай жоқтаушы жары, Жанар, Гүлнар, Асан, Үсен атты балалары мен олардан туған немерелер бар.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, этнограф, жазушы.

АҚЖОЛТАЙ

Құндылықты көтерген қос шығарма

Ұлттық рухани байлығымызды бұрынғыдан да кемелдендіріп, әлемге таныту үшін әдебиеттану ғылымының барлық саласына, әрбір жанрына терең талдау жасап, ғылыми тұрғыда сыр-сипатын ашып, бұрын игерілмеген соны жаңалықтарды өмірге енгізіміз керек. Сондай құнды тақырыпқа жазылған жұмыстардың бірегейі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі журналист Токболат Еңсегенұлының «Қазақ мысал жанрының тарихы мен теориясы» атты монографиялық еңбегі.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Автор кезекті еңбегінде мысал жанрының теориясын ашуда сюжет, сатира, персонаж, образ, тіл, стилі даралығына терең талдау жасай отырып, оның фольклормен етене туыстығының сырын ашады. Үнемі ескерусіз қалып келе жатқан А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» шығармасына жан-жақты зерттеу жүргізіп, бұл мұраның құндылығын тағы бір дәлелдейді.

Кітап жоғары оқу орында-рындағы филология, журналистика, мәдениеттану, өнертану мамандықтарының студенттеріне және жалпы оқырманға арналады.

Автор жасап жүзін көріп отырған «Тереңге сунгіген інжу іледі» атты әдеби сын

кітабында ұлы Абайдың «Қара сөздер» атты шығармасындағы бірнеше факлиясына талдау жасайды. Сонымен бірге, әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың көптеген шығармаларының тереңіне үңіліп, сипаттама жасап, соның ішінде дүние жұртшылығын тамсандырған «Ақ кеме» шығармасына жан-жақты талдау жүргізеді.

Бұл еңбекте туған жер топырағынан шыққан көркем ойдың алыптары: М.Жұмабаев, Ә.Кекілбайұлы, О.Сүлейменов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Нұрпейісов, С.Сейфуллин, Ә.Тәжібаев, А.Токмағамбетов, З.Шүкіров, Қ.Мырзаліев және басқа да сөз зергерлерінің көркем шығарма жасаудағы өзіндік ерекшеліктері айтылады.

Токболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ

САТИРА ЖӘНЕ ЮМОР



Он үшінші том
ҚАЗАҚ МЫСАЛ ЖАНРЫНЫҢ
ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯСЫ

Токболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ



Он үшінші том
ТЕРЕҢГЕ СУҢГІГЕН
ІНЖУ ІЛЕДІ



Сараман-Қоса мұнарасы.

дей тегістеліп кеткеніне де куә болдық, ал кейбірінде ұрпақтары жаңғыртқан белгі мен қоршау бар. Көбіне, мұндай ескі зират орнын қоршау елге белгілі адамдар басында ғана болатын көрінеді. Мысалы, Қызылбас палуанның зираты көне сексеуілмен тұрғызылса да, кейінірек ұрпақтары темір қоршау жүргізіпті.

Баба басында көптеген жыл шырақшы болған Иманғали Сағадинов ақсақалдың ұлы Еркін біздің жолбасшымыз еді. Еркіннің айтуынша, аудан әкімі Мұрат Ерешбаев рухани құндылықтарға аса мән беріп отыр. Биыл осы баба басындағы түнеухана ішін-сыртын күрделі жөндеуден өткізіп, керек заттармен тағы қайта жабықтырау туралы ұсыныс берген.

Баба басына қыс айында аса қатты ауру батқан адам болмаса, мұндай мойны алыс жерге көшілік бара қоймайды. Ал, көктем туып, жаз шығысымен келушілер күрт артады. Олар-

ішіне бүгіп, үнсіз ғана жатыр. Ел мен жерін қорғауда ат үстінен түспеген Жанқожа атаның сол ерлігін бүгінгі бақыты ұрпағы ұмытпаса ғой деген тілек бар еді бізде де.

Сапар соңы Сараман-Қоса

Кәукейден әрі кетсе 2-3 шақырым алыс орналасқан «Сараман-Қоса» мұнарасы тарихи жәдігерлер қатарына кірсе де ел бұл туралы түрлі дерек айтады. Тарих зерттеушілер бұны «жаугершілікте қарауыл қоюға пайдаланған» десе, енді бірі «бұл маң Арал теңізінің бір кездегі орны. Сырдарияның Қарлаң өткеліндегі көне қала – Жентті мекендеген оғыздар мен кейінгі қыпшақтардан қалған, теңізде жүзген кемелерге от



Ұлы даланың сарқылмас үні

Ұлттық өнердің құдіреттілігін таныту арқылы жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім құйып, елімізге деген құрметтің тұлға етіп өсіруге әбден болады. Осыны ескерген Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында: «Қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын – «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажет. Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс. Сонымен қатар фольклорлық дәстүрдің ортақ тарихи негіздерін іздеу үшін Қазақстанның түрлі өңірлері мен өзге елдерге бірнеше іздеу-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру қажет», – деген болатын.



қазіргі таңда кенжелеп қалған дала фольклоры мен музыкасын қайта жаңғыртуға шақырып, салт-дәстүрге қойнауы толы ел екенімізді мақтан тұтып, өзге елдерге үлгі болуымыз керек. Өрне, түсінгенге бұл құжат Қазақстан халқын біріктіретін, жігерлендіретін қуатты қозғаушы күш. Мұны Елбасының саясатына үлкен тәжірибесінің нәтижесі деп бағалаймын деп, қазақтың гасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұрасы – ұлттық аспаптар жайлы да алға тартып, аспаптың жас ұрпаққа берер тағылымы жайында кенінен айтып өтті.

Одан соң, Сырдария ауданындағы «Жалын» лагеріне жол тартқан өнер экспедициясының мүшелері оқушыларға концерттік бағдарлама ұсынып қана қоймай, ұлттық аспап туралы білімдерін жетілдіру мақсатында «Атадан қалған асыл мұра» атты таным сағатын өткізді. Онда лагер танысушылары Қазақстан атындағы музыкалық колледждің студенттерінің халықаралық деңгейде орындап жүрген шығармаларының шығу тарихымен танысты.

Ал, музыкалық аспаптар жайында терінен білетін лагер танысушысы А.Нұрбаева қазақтың қасиетті кара домбырасының шығу тарихы жайында былайша баян етті берді: – Ертеде бір аңшы жігіт болыпты. Сол аңшы жігіт биік таудың қиасын, қалың қарағайдың арасын тұрақ еткен бұғы-маралды аулап, кәсіп ете берек. Бірде жолы болып, биік таудың қиасынан теңбіл марал атып алады да, маралды етекке түсіру үшін ішек-қарынын алып тастайды. Содан арада айлар өткенде, аңшы жігіт аң ауғау ұрматал жер еді ғой деп, бағыты маралды атқан жерге соқса, құлағына бір ызыңдаған дауыс естіледі дейді.

Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішек-қарынын қара-құзғын іліп ұшқан болу керек, қарағайдың қойнауы толы ел екенімізді мақтан тұтып, өзге елдерге үлгі болуымыз керек. Өрне, түсінгенге бұл құжат Қазақстан халқын біріктіретін, жігерлендіретін қуатты қозғаушы күш. Мұны Елбасының саясатына үлкен тәжірибесінің нәтижесі деп бағалаймын деп, қазақтың гасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұрасы – ұлттық аспаптар жайлы да алға тартып, аспаптың жас ұрпаққа берер тағылымы жайында кенінен айтып өтті.

Ертенге өнер экспедициясының өнерлі жастары Қызылорда қаласындағы «Сырдария» тынығу лагерінде болып, көпшілікті халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен, салт-санаынан, әдет-ғұрпынан хабар беретін музыкалық аспаптармен өнер көрсетіп қайтты.

С.ҮСЕНҚҰЛОВА,
облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының маманы.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 2019 жылғы 1 шілдеден бастап ҰЕҰ-ға арналған сыйлықақыны беру үшін өтінімдерді қабылдайды

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақыны беруге келесі бағыттар бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды:

- 1) білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;
- 2) азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;
- 3) қоршаған ортаны қорғау;
- 4) жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;
- 5) отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу;
- 6) халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау;
- 7) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек көрсету;
- 8) халықтың еңбекпен қамтуға жәрдемдесу;
- 9) азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;
- 10) мәдениет пен өнерді дамыту;
- 11) тарихи-мәдени мұраны қорғау;
- 12) қоғамдық келісімді және ұлттық бірлікті нығайту;
- 13) өздерінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметтеріне жәрдемдесу;
- 14) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу;
- 15) азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу.

Байқауға Қазақстан Республикасында тіркелген және Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына мәліметтер ұсынған үкіметтік емес ұйымдар қатыса алады. Бір үкіметтік емес ұйым бір номинациядан артық сыйлықақыны алуға ұсыныла алмайды. Сыйлықақы алғаннан кейін үш жыл ішінде оны алу үшін қайта ұсынуға жол берілмейді.

Бір номинация бойынша сыйлықақы бір немесе бір мезгілде бірнеше үміткерге берілуі мүмкін. Бұл жағдайда сыйлықақы олардың арасында тең бөлінеді.

- Сыйлықақыны алу үшін өтінімді ұсынуға арналған тізбе мыналарды қамтиды:
- 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы беру конкурсына қатысуға өтініш;
 - 2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес сыйлықақыға үміткердің сауалнамасы;
 - 3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес сыйлықақыға үміткердің қызметі туралы сипаттама (расхатты материалдармен бірге);
 - 4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде ұсынылған бағыт бойынша іске асырылған жобаларды және бірлескен жұмыс барысында қол жеткізілген нәтижелерді растау мақсатында байланыс деректері көрсетілген қоғамдастық (үкіметтік емес ұйымдар) және (немесе) мемлекеттік органдар өкілдерінің ұсынымдары (екіден кем емес);
 - 5) үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құрылтай құжаттарының және куәлігінің (анықтаманың) көшірмелері;
 - 6) банк шотының болуы туралы анықтама (түпнұсқа).
- Сыйлықақыны алу үшін үкіметтік емес ұйымдарды ұсыну жөніндегі өтінімдер Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам комитетіне қағаз және электронды жеткізгіштерде (CD-дискілерде не USB-флеш-жапсарға) 2019 жылғы 1 шілдеден бастап 1 қыркүйек аралығында келесі мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимаратының 15-кіреберісі, Анықтама телефондары: +7 (7172) 74 09 97, 74 02 17, 74 13 41, 74 05 11
- Қағидаларға сілтеме <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017041>

Бақұл бол, абыз аға



Жаңақорған ауданының рухани-мәдени өркендеуіне, білім саласының дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген, ауданның «Құрметті азаматы», абыз ақсақалы Максұт Ибрагимов 86 жасқа қараған шағында мәңгілік мекеніне аттанды.

Ол еңбек жолын 1956-1966 жылдары аудандағы бірнеше мектепте мұғалім, оқу ісінң меңгерушісі, директор қызметін абыроймен атқарды. 1966-1978 жылы ауданның оқу бөлімінің меңгерушісі, 1978-1994 жылы №17 кәсіптік-техникалық училище директоры қызметін атқарды. Осы жылдары Жаңақорған ауданының бірнеше буын жастарына сапалы білім, саналы тәрбие сіңірді.

Елге еткен ерен еңбегі еленіп, 34 рет аудандық, облыстық, республикалық және Одақтық деңгейдегі марапатқа ие болды. ҚСРО және Қазақ ССР «Халық ағарту ісінң үздігі» атанды.

Ағарту саласында жұмыс жасаған жылдары социалистік жарыс қорытындысымен 2 рет республи-

ликаның, 4 рет облыстың ауыспалы Туына, ал, училище директоры болған жылдары 6 рет облыстың, 4 рет республиканың ауыспалы Қызыл Туына ие болды.

Сондай-ақ облыстық партия комитетінің шешімімен училище облыстың «Құрмет грамотасына» жазылды. Ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып, аудандық комсомол комитетінде 30 жыл бюро мүшесі, 16 жыл аудандық партия комитетінің пленум мүшесі, аудандық советтің депутаты, аудандық «Білім» парткомиссиясы төрағалығын абыройлы басқарды.

Жаңақорған ауданының абыз ақсақалы, габратты гұмыр иесі Максұт Ибрагимовтың өнегелі гұмыры, қызмет жолы, ел үшін жасаған еңбегі мен жарқын бейнесі ел жадында ұзақ сақталатын болады.

Жаныңыз пейіште шалқысын. Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз өзінше серік болмай! Бақұл бол, абыз аға!

Аудан әкімі Ғ.Әміре-аудандық мәслихат хатшысы Е.Ильясов, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы А.Жәнібеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ө.Тақырбаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Ибрагимов, аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы Е.Сатершинов.

Маман қажет

Кіріпін шауытына жұмысшылар қажет. Жалақысы 80 000 теңгеден жоғары. Түсік тамақпен қамтамасыз етіледі. **Байланыс тел.: 87013359650, 87770582469.**

(6-2)

Хабарламалар

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорси» АҚ (19-48-02) «Арысқұм кенішіндегі №426, 427 ұңғымаларына электрмен қамту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomartmyrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomartmyrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Хабарландыру

«Жамбыл-2030» ЖШС 2019 жылдың 9 тамызында сағат 10.00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қоғалық ауылы, С.Майханова көшесі №2 үйде орналасқан Қоғалық ауылдық клуб үйінде серіктестік құрылтайшыларына кезектен тыс жалпы жиналыс өтетінін хабарлайды.

Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Жиналыс төрағасы мен хатшысын сайлау, санақ комиссиясын құру; 2. «Жамбыл-2030» ЖШС-ның көктемгі егін егу және жартыжылдық жұмыстарының есебін тыңдау; 3. «Жамбыл-2030» ЖШС-ның атқарушы органы – директор сайлау.

Ескертпе: Жалпы жиналысқа тіркеу үшін жеке құжатныңызды ала келіңіз.

«Жамбыл-2030» ЖШС өкілшілігі.

«Болашақ» университетінің ұжымы Бастауышта оқыту, өнер және спорт кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Айгүл Дүйсенғалиқызы Ескараеваға ұлы

Ғалижанның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық сотының ұжымы мен ҚР Судьялар одағының Қызылорда облыстық филиалы Қызылорда облыстық сотының судьясы Светлана Нағашыбайқызы Жуын-таеваға анасы

Рабиға Қайырбайқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тұрғындар!

күні сағ.15.00-16.00 аралығында азаматтарды проблемалық мәселелерімен және сұрақтарымен қабылдайтын болады.

Жеке қабылдауларға келіңіздер және толғандырып жүрген сұрақтарыңызды қойыңыздар!

«Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңесінің мекен жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көш. №1, облыс әкімінің ғимараты 1 қабат. Анықтама үшін 8 (7242) 70-25-20, 8 (7242) 70-50-55, ұялы 8 778 059 61 62, 8 707 970 01 77.

Мемлекеттік органдар мен ұйым басшыларының 2019 жылдың шілде-желтоқсан айлары аралығында «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңесінде жеке қабылдау өткізу кестесі

№	Мекеме атауы	Қабылдаушы басымы	Уақыты
1	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы	Абдусаметов Жақсылық Әбілқасымұлы	05.07.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
2	Қызылорда қаласының коммуналдық шаруашылық, жол-ұшылар қол-ғи, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	Далабаев Біржан Далабайұлы	12.07.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
3	Қызылорда қалалық жер бөлімі	Төлегенов Жақсылық	12.07.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
4	Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі	Ержанов Жақсылық Фазылбекұлы	19.07.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
5	Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы	Молдабаев Марсбек Рүстемұлы	26.07.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
6	Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы	Кожабергенов Фердоуси Әбілқасымұлы	02.08.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
7	Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасы	Койышбаев Шахмардан Султанбекұлы	09.08.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
8	Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	Рахметова Гүлмира Шамсутдинқызы	16.08.19 ж., сағ. 15:00 -16:00

9	Қызылорда облысының білім басқармасы	Мелдбекова Майра Тұрғанбайқызы	23.08.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
10	Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Дүйсебаев Талғат Тұрсынұлы	29.08.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
11	Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы	Жалғасбаев Ертілеу Шынтағұл	06.09.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
12	Қызылорда қалалық білім бөлімі	Әбдіқалықова Меруерт Наушақызы	13.09.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
13	Қызылорда облысының прокуратурасы	Бижанов Нұрлан Дәуренұлы	20.08.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
14	Қызылорда облысы бойынша тауарлау мен қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын бақылау департаменті	Байменова Ғалия Әбсәдіқызы	27.08.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
15	Қызылорда облысының тотенше жағдайлар департаменті	Бержанов Омар Құмарұлы	04.10.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
16	Қызылорда облысының мемлекеттік кірістер департаменті	Орын Фәлжан Қалдықозылы	11.10.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
17	Қызылорда облыстық полиция департаменті	Заптаров Арстанғани Расхланұлы	18.10.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
18	Қызылорда облысының әділет департаменті	Сапаров Қалдыбек Ерубайұлы	25.10.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
19	Қызылорда облысы бойынша қолқатқ бақылау инспекциясы	Шамуратов Нәжімадин Шакизәуәлі	01.11.19 ж., сағ. 15:00 -16:00

20	Қызылорда облысының экология департаменті	Құрманбаев Марат Ердаулетұлы	08.11.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
21	«ҚазТрансГаз Аймақ» ақ-ның қызылорда өндірістік филиалы	Қызылбаев Талғат Жетісебайұлы	15.11.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
22	«Қызылорда су жүйесі» МКК-ның	Санаков Токсан Болатұлы	22.11.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
23	Қызылорда электр тарату жобалары компаниясы» АҚ және «Энергосервис» ЖШС	Кәрімбаев Мұхиджан Немайұлы; Есенбаев Ержұбан Бактыбайұлы	29.11.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
24	«Қызылорда автобус парк» ЖШС	Ахатов Нұржан Сәбитұлы	06.12.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
25	Қызылорда облысының халыққа қызмет көрсету орталығы	Айнур Шорбаекқызы	11.12.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
26	«Қазақстан Темір жолы» АҚ-ның Қызылорда филиалы	Арысбаев Амангелді Қонысбайұлы	13.12.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
27	«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның Қызылорда филиалы	Әлімханұлы Мұхтар	20.12.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
28	Аймақтық инвестициялық орталығы және «Даму» кәсіпкерлік қолдау қоры» АҚ-ның Қызылорда филиалы	Еринязов Самат Нұраметұлы; Түктібаев Ерлан Кенесұлы	24.12.19 ж., сағ. 15:00 -16:00
29	«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның Қызылорда филиалы	Саулебаев Әділжан Рахымжанұлы	27.12.19 ж., сағ. 15:00 -16:00

Қызылорда қалалық Әділет басқармасының басшысы мен орынбасарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

р/с	А.Т.Ә	атқаратын қызметі	қабылдау күндері	байланыс телефоны
1	Бисембаев Манат Карімбайұлы	басқарма басшысы	әр аптаның сәрсенбі күні сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін, 14:30-дан 18:30-ге дейін	23-11-65
2	Бодыбаев Нұржан Айтбаевич	басқарма басшысының орынбасары	әр аптаның жұма күні сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін, 14:30-дан 18:30-ге дейін	23-17-74

Ескерту: Басқа елді мекендерден келген азаматтарды қабылдау күнделікті жүргізіледі.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №156 санды Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі» және 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес, Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 23-11-65 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіпті қолдайтын комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2019 жылдың III тоқсанына арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Т.А.Ә	Атқаратын қызметі	Қабылдау күні, уақыты	Мекенжайы	Байланыс телефоны
Қыстаубаев Кабылбек	Департамент басшысы	Сәрсенбі сағ.16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Ы. Жақиев №5, каб. №1	8 (7242) 27-52-77
Манақбаев Ербол Байдалдаұлы	Департамент басшысының орынбасары	Бейсенбі сағ.16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Ы. Жақиев №5, каб. №2	8 (7242) 27-45-25

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында Департаментте арыз-шағым жігіті орнатылған, сонымен қатар «Сенім телефоны» 8 7242/26 47 17 жұмыс жасайды. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақиев №5. Электрондық пошта: d.kirpb.kyzyl@mid.gov.kz

Хабарлама

ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007 жылғы №204-ө бұйрығымен бекітілген «Нұсқаулықтың...» 53-тармағына сәйкес "Түзкөл-МұнайГаз" ЖШС «Батыс Түзкөл кенішінде қалдықтарды өңдеу және залалсыздандыру, уақытша сақтау, жинақтау учаскесі» жобасына «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» жобасының қоғамдық пікірді тіркеу үшін ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды. Ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қ., Д.Қонаев көшесі, құрылыс 4 мекенжайында және К.Байсейітова көшесі, 97/99 мекенжайында, sseyenbaev@list.ru электрон

